Үкімет басшысы О.БЕКТЕНОВ:

ҚАРЖЫ ТЕК ҚАНА АДАЛ ӨНДІРУШІЛЕРГЕ БЕРІЛУІ ТИІС

Ресми ақпарат: Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен осы аптада өткен Үкімет отырысында көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу және вегетациялық кезеңді өткізу мәселелері қаралды.

Ауыл шаруашылығы министрлігі келтірген дерек бойынша, 2025 жылы еліміздегі жалпы егіс алқабы 23,7 млн. гектарды құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 413 мың гектарға артық. Ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру нәтижесінде екі жыл ішінде бидай алқабы 750 мың гектарға қысқарды, бұл ретте мал азықтық және майлы дақылдар алқабы 3,3 млн. гектарға жеткізілді. Бұл ретте күнбағыс алқабы 1,4 млн. гектарға, дәнді және бұршақты дақылдар 16,6 млн. гектарға, мақта алаңы 135 мың гектарға жетеді.

Қызылорда облысы әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:
– «Биыл Қызылорда облысында 193 700 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Үкіметтің Жол картасына сәйкес күріш 80 900 гектарға жоспарланған, өткен жылмен салыстырғанда 4700 гектарға қысқартылады.
Шаруашылық құрылымдары тұқыммен толық қамтамасыз етілген, 4046 ауыл шаруашылығы техникасы жөнделген, 10 мың тонна дизель кестеге сәйкес облысқа жеткізіліп, таратылуда. Бүгінде ерте егілетін ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылып болды.
Күріш себу 21 сәуір күні басталып, бүгінгі күні 37500 гектары егілді, 26 700 гектары суға бастырылды.
Үкімет отырысында сөйлеген сөзінен

Биыл мемлекеттік қолдау көлемі едәуір ұлғайды. Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге 700 млрд. теңге, жеңілдетілген лизинг бағдарламаларына 200 млрд. теңге бөлінген.

Олжас Бектенов әкімдіктерге бюджет қаражатының мақсатты және ұтымды пайдаға асуына тұрақты мониторингті жүргізуді тапсырды. Бұл ретте қаржыландыру тек қана тиімді, әрі адал өндірушілерге берілуі тиіс - деді.

Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№19 (1774) 15 мамыр 2025 жыл Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

“ҚОРҚЫТ АТА” – СЫР БОЙЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

2025 жылғы 13 мамырдағы Үкімет отырысында Қызылорда облысында «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағын (АЭА) құру туралы шешім қабылданды.

Бәрі де Үкімет басшысы О.Бектеновтің елге сапарынан кейін басталыпты. Қорқыт ата халықаралық әуежайы терминалының ашылуы қызылордалықтар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашқаны анық. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев былтырғы Жолдауында “Көлік-логистика секторын дамыту стратегиялық мәні айрықша басымдық... тимді жұмыс істейтін әуе хабтарын... салуымыз қажет” дегеніне Қорқыт ата әуежайы айналасы құба-құп келіп тұр. Еліміздегі 16-шы арнайы экономикалық аймақ болып ашылғалы отырған "Қорқыт Атаны" құрудағы мақсат отандық және шетелдік инвесторларды тарту, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларды қалыптастыру арқылы жеке кәсіпкерліктің дамуын ынталандыру, транзиттік көліктік-логистикалық әлеуеттің және саудалогистикалық байланыстардың өсуін ынталандыру, туристік әлеуетті жоғарылату мен тиімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті туристік инфрақұрылымды дамыту, өңірдің экономикалық өсуіне және инфрақұрылымын жақсартуға ықпал ету болса керек.

Ресми ақпараттар бойынша осы бағытта Қызылорда қаласындағы халықаралық әуежайдың жаңа терминалына іргелес 550 гектар аумақта «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылады. Бұл бастама - өңір экономикасын әртараптандыруға, мұнай өндірісіне тәуелділікті төмендетуге және жаңа өндірістік бағыттарды қалыптастыруға бағытталған стратегиялық қадам.

АЭА құрылымына авиацияға қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда, қойма және сақтау, сондай-ақ, өнеркәсіптік аймақтары кіреді. Арнайы экономикалық аймақта құрылыс индустриясы, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, машина жасау, көлік-логистика, технологиялар мен инновациялар салаларында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жоспарланған. Атап өту қажет АЭА құрудың белгіленген қағидаларына сәйкес, 28 экономикалық қызмет түрінің тізбесі келісілген.

«Қорқыт Ата» АЭА құрылуы - инвестиция тартуға, өндірістік қуатты арттыруға және Қызылорда облысының экспорттық әлеуетін дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

АЭА АЯСЫНДАҒЫ ЖЕҢІЛДІКТЕР

Атауы	Негізі
КТС – 0%	ҚР ҰҚ 79-тарауының 709-бабының 25.12.2017 жылғы №120-VI ҚРЗ 4-тармағына сәйкес
АЭА аумағына өткізілетін және қызметті жүзеге асыру кезінде толық тұтынылатын тауарларға ҚҚС (тізбеге сәйкес жергілікті өндірілген тауарлар) - 0%	ҚР ҰҚ 44-тарауының 389-бабының 25.12.2017 жылғы №120-VI ҚРЗ 1-тармағына сәйкес
АЭА ішінде өндірілген және экспортқа өткізілетін тауарларға ҚҚС - 0%	ҚР ҰҚ 44-тарауының 386-бабының 25.12.2017 жылғы №120-VI ҚРЗ 1-тармағына сәйкес
Импорттық тауарларға ҚҚС - 0%	ҚР 2017 жылғы 26 желтоқсандағы №123-VI ҚРЗ Кодексінің "ҚР-дағы кедендік реттеу туралы" 29-тарауының 281-бабының 1-тармағына сәйкес
Импортық кедендік баждар - 0%	Кодекстің "ҚР Кедендік реттеу туралы" 29-тарауының 281-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР 2017 жылғы 26 желтоқсандағы №123-VI ҚРЗ
Мүлік салығы - 0%	ҚР ҰҚ 79-тарауының 709-бабының 25.12.2017 жылғы №120-VI ҚРЗ 1-тармағына сәйкес
Жер салығы - 0%	ҚР ҰҚ 79-тарауының 709-бабының 25.12.2017 жылғы №120-VI ҚРЗ 1-тармағына сәйкес
Жер үшін жалдау ақысы - 0 теңге	ҚР ҰҚ 79-тарауының 709-бабының 25.12.2017 жылғы №120-VI ҚРЗ 1-тармағына сәйкес
Шетелдік жұмыс күшін жалдаудың жеңілдетілген тәртібі	ҚР ДСМ және СР м.а. 06.01.2016 ж. №5 және ҚР ИИДМ 22.01.2016 ж. №46 бірлескен бұйрығы

Алу шарттары:
1. ҚР АЭА туралы заңнамасына сәйкес АЭА болып табылады;
2. АЭА аумағында немесе аумақтық бөлімшеде салық органында орналасқан жері бойынша салық төлеуші ретінде тіркелген АЭА аумағы құзыретіне жататын салық органы;
3. АЭА аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыруға арналған қажетті инфрақұрылым мен объектілер болған кезде, өкілдіктерді қоспағанда, заңды тұлғаның АЭА аумағынан тыс жерде филиалдары мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері болуға құқығы жоқ;
4. АЭА аумағында АЭА құру мақсаттарына сәйкес келетін қызметтің басым түрін жүзеге асырады.
Салық және (немесе) төлем сомаларын 100 пайызға азайтуды қолдану мерзімі:
А санаты - 7 жыл ішінде жобаның құны 3 000 000 еселенген АЕК мөлшеріне дейін;
В санаты - 15 жыл ішінде, жобаның құны АЕК мөлшерінің 3 000 000 еселігінен 14 500 000 еселенген мөлшеріне дейін;
С санаты - 25 жыл ішінде, жобаның құны АЕК мөлшерінің 14 500 000 еселенген мөлшерінен бастап.
* бірақ АЭА қызметін жүзеге асыру туралы шарттың қолданылу мерзімінен және жұмыс істеу мерзімінен аспайды.

ҚЫЗМЕТТІҢ БАСЫМ ТҮРЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ	
1. Иіру, тоқу және әрлеу өндірісі	13.1
2. Басқа тоқыма бұйымдарын өндіру	13.9
3. Жүннен жасалған киімнен басқа киім өндірісі	14.1
4. Былғарыны илеу және өңдеу, чемодандар, сөмкелер, ер-тоқыма бұйымдарын өндіру, жүнді өңдеу және бояу	15.1
5. Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру	20
6. Негізгі химиялық заттарды, тыңайтқыштарды және азот қосылыстарын, пластмассалар мен синтетикалық каучуктарды бастапқы нысандарда өндіру	20.1
7. Сабын және жуғыш заттарды, тазартқыш және жылтырататын препараттарды, парфюмерлік өнімдер мен косметикалық құралдарды өндіру	20.4
8. Негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру	21.1
9. Резеңке бұйымдар өндірісі	22.1
10. Пластмасса бұйымдарын өндіру	22.2
11. Өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісі	23
12. Өзге де Фарфор және керамикалық бұйымдар өндірісі	23.4
13. Цемент, әк және сылақ өндірісі	23.5
14. Құрылыс мақсаттары үшін бетоннан, цементтен және гипстен жасалған бұйымдар өндіру	23.6
15. Абразивті бұйымдар мен өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісі	23.9
16. Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарын өндіру	25
17. Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісі	26
18. Электр сымдары мен электр өткізгіш аспаптарын өндіру	27.3
19. Жалпы мақсаттағы өзге де техника өндірісі	28.2
20. Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы техникасын өндіру	28.3
21. Арнайы мақсаттағы техниканың өзге де түрлерін өндіру	28.9
22. Өзге де көлік құралдарын өндіру	30
23. Медициналық және стоматологиялық құралдар мен керек-жарақтарды өндіру	32.5
24. Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату	33
25. Жүк авиатасымалдары, чартерлік рейстер, жүк ұшақтарын жалға алу	51.2
26. Жүкті сақтау 52.1	
27. Тасымалдау кезіндегі қосалқы қызмет түрлері	52.2
28. Пошта және курьерлік қызмет	53.1

ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ БОЛМАЙДЫ

Осы Үкімет отырысында баяндама жасаған Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев:

- Еліміздің көптеген өңірінде ыстық әрі құрғақ ауа райы, дегенмен астықты өңірлерде, тау бөктерлері мен оңтүстіктің шеткері аймақтарында жауын-шашын көлемі климаттық нормаға жақын мөлшерде болады деп болжам жасалуда, - деді.

Оның айтуынша биыл еліміздің көп бөлігінде қыс жылы және қарлы болып, топырақтың жақсы ылғалдануына әсер етті. Еліміздің солтүстігі мен орталығының егіс алқаптарында ылғал қоры негізінен қанағаттанарлық әрі тиімді.

Мамыр айы республиканың көп бөлігінде ыстық және құрғақ болуы мүмкін. Дегенмен, астықты өңірлерде, тау бөктерлері мен оңтүстіктің шеткері аймақтарында жауын-шашын көлемі климаттық нормаға жақын мөлшерде болады.

Қызылорда облысы әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:
- Ауа райы ерте жылынуына байланысты күріш себу жұмыстары да ерте басталып, егісті суға бастыру үшін жоғарыдан келетін су көлемі төмендеу болуда. Суды тиімді пайдалануда 357 насос қондырғы дайындалып, оның 53-і жұмыс жасап тұр, қалғаны қашыртқыға су тасталған соң суды екінші мәрте пайдалану үшін іске қосылады. Күріш алқаптарын лазерлік тегістеу көлемі 60 мың гектарға, ал су үнемдеу технологияларын пайдалану 9200 гектарға жеткізіледі.

Қоймаларға жиналған және жоғарыдан келетін судың болжамына сәйкес, биыл 3 млрд. 902 млн текше метр су лимиті белгіленген. Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының отырысында «Шардара» су қоймасына жоғарыдан қосымша 3 млрд. 700 млн. текше метр су түсуі белгіленді. Мамыр айында секундына 330 текше метр су түсуі жоспарланғанымен, бүгінде 57,6 текше метр немесе жоспардағының 17,4%-ы ғана түсуде. 12 мамырдағы жағдай бойынша «Шардара» су қоймасы мен «Көксарай» су реттегішіндегі су көлемі 4 млрд. 821 млн. текше метр, бұл былтырғыдан 700 млн. текше метрге кем.

Вегетациялық кезеңді тұрақты өткізу үшін Сырдария өзенінің жоғары ағысында орналасқан көрші мемлекеттермен келіссөздер жүргізіп, «Шардара» су қоймасына жоғарыдан кемінде 2,5 млрд. текше метр су түсуіне ықпал жасау жөнінде тиісті министрліктерге ұсыныс берілді. Үкімет тапсырмасына сәйкес, министрліктермен бірге тиісті жұмыстар атқарылады».
Үкімет отырысында сөйлеген сөзінен

Құрғақшылық жағдайы Қостанай, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының оңтүстігінде, сондай-ақ Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Абай және Түркістан облыстарының солтүстік аудандарында қалыптасуы мүмкін.

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов баяндауынша ауыл шаруашылығына жыл сайын бөлінетін 15 текше шақырым судың шамамен 12 текше шақырымы тұрақты суаруға жұмсалады, оның 98%-ы еліміздің оңтүстігіндегі – Алматы, Жетісу, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарына тиесілі екен.

«Арал-Сырдария бассейні бойынша Мемлекетаралық үйлестіру су шаруашылығы комиссиясының болжамды кестесіне сәйкес, 1 сәуірге Шардара су қоймасына келетін су көлемі 10,9 млрд. текше метр деңгейінде күтілген, нақты келіп түскені – 12,6 млрд. текше метр, яғни болжамнан 1,7 млрд. текше метрге артық. Вегетация кезеңіне Шардара су қоймасына шамамен 3,7 млрд. текше метр көлемінде су келетіні көзделген. Сәуір айында су қоймаға 1 млрд. текше метр су келді, ал мамырдың алғашқы онкүндігінде 54 млн. текше метр түскен, бұл болжамнан 231 млн. текше метрге кем. Мұндай төмен көрсеткіш Сырдария өзенінің тармақтық ағынының азаюымен байланысты. Осыған орай, Шардара су қоймасына тұрақты су келімін қамтамасыз ету мақсатында, Министрлік Нарын-Сырдария су қоймалары каскадының Мемлекетаралық үйлестіру су шаруашылығы комиссиясының аясында бекітілген жұмыс режимін сақтау бойынша көршілес елдермен жүйелі жұмыс жүргізуде».

Түркістан және Қызылорда облыстарында тәуекелдер сақталуда: 6 мамырдағы жағдай бойынша бассейндегі су қоймаларының орташа толымдылығы – 75%, бұл өткен жылмен салыстырғанда 498 млн. текше метрге аз.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімдігінде аймақ басшысы Н.Нәлібаевтың төрағалығымен жауапты сала басшыларының міндеттері айқындалған жиын өтті.

- «Орталық атқарушы органдар мен өңір әкімдеріне көктемгі егіс жұмыстарын бақылауға алу тапсырылды. Өңіріміздегі егін шаруашылығының жайы Сырдария өзеніндегі су деңгейіне тікелей байланысты. Қазір су ресурстарының тапшылығы жаһандық мәселеге айналды. Президентіміз суды неғұрлым тиімді пайдалану, су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу мен цифрландыруға баса назар аударуда.

Әртараптандыру – бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан су тапшылығы жағдайында күріш көлемін оңтайландырып, өзге дақылдар егісін ұлғайту – маңызды қадам. Қала, аудан әкімдері, қазіргі қалыптасқан су тапшылығы жағдайында күріштен басқа дақылдар көлемін арттыруда нақты шаралар қабылдаңыздар», – деді Н. Нәлібаев.

Басқосуда жергілікті тұрғындарға өз-өзін негізгі азық-түлік, бақша өнімдерімен қамтамасыз ету үшін қосымша егістік жер дайындап беру жұмыстары да пысықталды. Бұл бастаманы жұртшылық қолдап, егістік жерге сұраныс артып келеді. Биыл картоп, көкөніс, бақша дақылдарын егуге 5 мыңнан астам отбасы ниет білдірген. Оларға ауылдардан 3 300 гектар жер дайындалып, бүгінде 900 гектары егілді. Аймақ басшысы тұрғындарды жұмыспен қамтуды, оларға егін егуге, өнімдерін сатуға барынша мүмкіндік жасауды тапсырды.

Мәжілісте су айдындарында тұрғындардың, әсіресе балалардың қауіпсіздігін сақтауға қатысты тапсырмалар берілді. Қала, аудан әкімдіктеріне жағажайларды талапқа сәйкестендіру жүктелді.

МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТТАР ТАБЫСТАЛДЫ

Қызылорда облыстық сотында 9 мамыр - Жеңіс күніне арналған мерекелік шара өткізілді.

Шараға Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ә.Шығамбаев, Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің басшысы С.Сүлеймен, облыстық соттың судьялары, Судьялар Одағының Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы Б.Елшібеков, аудандық соттардың төрағалары мен судьялары, сот әкімшілерінің басшылары мен мамандары қатысты.

Облыстық соттың төрағасы Ә.Шығамбаев мерекелік шараны ашып, Жеңіс күні ерлік пен батырлықтың символы екенін атап өтіп, сот ұжымын мерекемен құттықтады.

Сот жүйесінің ардагері, оставкадағы судья А.Әнуарбеков сот жүйесінің дамуына үлес қосып келе жатқан судьялар мен қызметкерлерге мерекелік игі тілегін білдірді.

Шара барысында қызметтік міндеттерін абыроймен атқарып, саланың дамуына қосқан үлестері үшін сот жүйесінің өкілдеріне бірқатар марапаттар табысталды.

Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің басшысы С.Сүлеймен, отставкадағы судья Е.Шевцова Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының «Үш би» төсбелгісімен, отставкадағы судья А.Әнуарбеков «Жеті жарғы» төсбелгісімен марапатталды.

Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы М.Ибрашев «Судьялар Одағының құрметті мүшесі» төсбелгісімен, Сот Әкімшілігі Қызылорда облысы бойынша Департаментінің Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А.Смағамбетова «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Судьялар Одағының Құрмет Грамотасымен кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы З.Абылайқызы, әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы И.Тұңғышбаев, Қызылорда қаласының №2 сотының бас маман-сот отырысының хатшысы А.Абызова марапатталды.

Судьялар Одағының Алғыс хатымен мамандандырылған тергеу сотының судьясы Т.Тілеп, мамандандырылған экономикалық сотының бас маман-сот отырысының хатшысы Ғ.Қуанышбаева, Қызылорда қалалық сотының бас маман-сот отырысының хатшысы А.Жаппасбаева марапатталды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ БЕРІЛЕДІ

Биылғы жылдың 21 мамырынан бастап бизнес грант байқауы басталады.

Бірінші лекте 4500 адам грант ала алады.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға гранттар алуға Business.enbek.kz порталына 21 мамырдан бастап 1-лек бойынша өтінімдер қабылдау жүзеге асырылады.

Гранттар қайтарымсыз негізде беріледі. Оның мөлшері 1 572 800 тенге, яғни 400 АЕК. Қатысушы оны тек бір рет ала алады.

Грант қаражаты ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өздерінің бизнес-әлеуетін ашуға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Грант алу үшін өтінім беру тәртібі:

Алдымен порталда тіркелу керек;

Сосын грант алу шарттарына сәйкестігіне тексеруден өтеді;

Бизнес-жоспар үлгісін жүктеп, оны толтырып порталға енгізеді;

Өтініш үлгісін толтыру және ЭЦҚ кілтімен қол қояды.

Интернетке, немесе компьютерге қолжетімділік болмаған жағдайда, өздері тұратын жерлердегі мансап орталықтарына, немесе халыққа қызмет көрсету орталықтарында өтінім беруге болады.

Грант алу үшін бірқатар шарттарды сақтау қажет.

Жаңа бизнес-идеяны іске асыруға тіркелген жұмыссыздар; жеке кәсіпкерлер (тіркеу мерзімі 3 жылға дейін) грант алуға үміткер бола алады..

Айта кететін жағдай мүгедектігі бар адамдар; «қандас» мәртебесі бар адамдар; өңіраралық қоныс аударушылар; аз қамтылған отбасы мүшелері; көпбалалы отбасы мүшесі (жұбайы/зайыбы); мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адам (жұбайы/зайыбы); асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар санатының біріне жататын болуы керек.

Сондай-ақ үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқығандығы туралы 3 жылдан аспайтын мерзімде берілген сертификаты болуы тиіс.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің хабарламасына сай гранттар берудің бүкіл процесі электрондық форматқа ауыстырылған. Грант алуға өтінімдерді қабылдау бірыңғай терезе – «Business.enbek.kz» порталы арқылы жүзеге асырылады. Грантты қажетті құрал-саймандарды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, мал, жануар, құс, көшет, бұта, тұқым сатып алуға, орын-жайларды жалға алу ақысын төлеуге алуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ
ӘСЕР ЕТУ СКРИНИНГІН ҚАРАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің *(бұдан әрі - Кодекс)* 55-бабының 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне *(бұдан әрі– ЭТРМ)* стратегиялық экологиялық бағалау *(бұдан әрі – СЭБ материалдары)* жүргізу үшін мынадай құжаттар келіп түсті:

- «Қызылорда қаласы Тасбөгет кентінің бас жоспары»

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «МПК-Проект» ЖШС.

СЭБ құжаттарының тапсырыс берушісі: Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

СЭБ әзірлеуге жауапты: Қызылорда қаласының әкімдігі.

СЭБ материалдары бойынша қорытындылар беруге жауапты уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:

1) Бас жоспардың іске асырылуы қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) Бас жоспар бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?

3) СЭБ бойынша есепте құжатты іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал елеулі әсерлері туралы Сізді қызықтыратын барлық ақпарат қамтылған ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4) сізде Бас жоспарды іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2025-2035 ж.ж.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау рәсімін өткізу мерзімі: 2025 жылғы 30 мамырға дейін (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2025 жылғы 30 мамыр).

Байланыс деректері: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8.

Экологиялық саясат департаменті

Тел. 8 (7172) 74-02-83

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде электрондық түрде электронды мекен-жайға жіберуге болады. Министрлік Кеңсесінің мекен-жайы: k.kense@ecogeo.gov.kz.

Сіздің құжаттарыңыздың алынғандығы жөнінде, кеңседе +7/7172/74-08-44 телефоны арқылы міндетті түрде нақтылау қажет.

СЭҚБ бойынша материалдар орналастырылған: Министрліктің сайтында («қызмет» бөлімі – «Негізгі құжаттар» бөлімі – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tasboget-district

ХАБАРЛАНДЫРУ
ӘСЕР ЕТУ СКРИНИНГІН ҚАРАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің *(бұдан әрі - Кодекс)* 55-бабының 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне *(бұдан әрі – ЭТРМ)* стратегиялық экологиялық бағалау *(бұдан әрі – СЭБ материалдары)* жүргізу үшін мынадай құжаттар келіп түсті:

- «Қызылорда қаласының Қосшынырау ауылдық округінің Досан ауылдық елді мекенінің даму және құрылыс схемасы (генеральдық жоспардың қарапайымдалған нұсқасы)»

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «МПК-Проект»ЖШС.

СЭБ құжаттарының тапсырыс берушісі: Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

СЭБ әзірлеуге жауапты: Қызылорда қаласының әкімдігі.

СЭБ материалдары бойынша қорытындылар беруге жауапты уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:

1) Бас жоспардың іске асырылуы қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) Бас жоспар бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?

3) СЭБ бойынша есепте құжатты іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал елеулі әсерлері туралы Сізді қызықтыратын барлық ақпарат қамтылған ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4) сізде Бас жоспарды іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2025-2035 ж.ж.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау рәсімін өткізу мерзімі: 2025 жылғы 30 мамырға дейін (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2025 жылғы 30 мамыр).

Байланыс деректері: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8.

Экологиялық саясат департаменті

Тел. 8 (7172) 74-02-83

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде электрондық түрде электронды мекен-жайға жіберуге болады. Министрлік Кеңсесінің мекен-жайы: k.kense@ecogeo.gov.kz.

Сіздің құжаттарыңыздың алынғандығы жөнінде, кеңседе +7/7172/74-08-44 телефоны арқылы міндетті түрде нақтылау қажет.

СЭҚБ бойынша материалдар орналастырылған: Министрліктің сайтында («қызмет» бөлімі – «Негізгі құжаттар» бөлімі – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

Қосшынырау ауылдық округі әкімдігінің сайтында (сілтемені енгізу).

https://manager-beta.egov.kz/#/credentials/login

ОБЪЯВЛЕНИЕ
О РАССМОТРЕНИИ СКРИНИНГА ВОЗДЕЙСТВИЯ

В соответствии с пунктом 6 статьи 55 Экологического кодекса Республики Казахстан в Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее - МЭПР), для проведения стратегической экологической оценки поступили следующие документы (далее - материалы СЭО):

- «Генеральный план кента Тасбугет города Кызылорда»

Разработчик материалов СЭО: ТОО «МПК-Проект».

Заказчик материов СЭО: Коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел архитектуры и градостроительства» акимата города Кызылорда

Ответственный за разработку СЭО: Акиматг. Кызылорда

Уполномоченный орган за выдачу заключений по материалам СЭО: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Приглашаем общественность (всех граждан и юридических лиц) высказать свои замечания и предложения по следующим вопросам:

1) может ли реализация Генлана оказывать существенные воздействия на окружающую среду, и если да, то какие это воздействия и почему Вы считаете их существенными?

2) какие воздействия на окружающую среду и здоровье населения необходимо изучить до утверждения Генплана и почему?

3) освещена ли в отчете по СЭО вся интересующая Вас информация о возможных существенных воздействиях реализации Документа на окружающую среду и здоровье населения? Какая информация интересует Вас и почему?

4) имеются ли у Вас иные замечания и предложения, связанные с возможными воздействиями реализации Генплана на окружающую среду и здоровье населения?

Период действия стратегического документа: 2025-2035 гг

Уполномоченный орган: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Срок проведения процедуры по приему замечаний и предложений: до **30 мая 2025** года (последний день приема замечаний и предложений – 30 мая 2025 г.)

Контактные данные:

Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстанг. Астана, пр. Мангилик-Ел, 8

Департамент экологической политики

Тел. 8 (7172) 74-02-83

e-mail: **Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.**, balzhan.sea@yandex.kz

Замечания и предложенияв письменном видеможно направлять в электронном виде на эл.адрес Канцелярии Министерства: k.kense@ecogeo.gov.kz

Необходимо обязательно уточнять, что ваши документы получили в Канцелярии по телефону:+7 7172 74-08-44

Материалы по СЭО размещены:

на сайте Министерства(раздел «Деятельность» - раздел «Основные документы» - раздел «Стратегическая экологическая оценка»)

На сайте КГУ «Аппарат акима поселка Тасбугет города Кызылорды» акимата города Кызылорда https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tasboget-district?lang=ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ
О РАССМОТРЕНИИ СКРИНИНГА ВОЗДЕЙСТВИЯ

В соответствии с пунктом 6 статьи 55 Экологического кодекса Республики Казахстан в Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее - МЭПР), для проведения стратегической экологической оценки поступили следующие документы (далее - материалы СЭО):

- «Схема развития и застройки (упрощенный вариант генерального плана) сельского населенного пункта Досан,аульного округа Косшынырау города Кызылорда»

Разработчик материалов СЭО: ТОО «МПК-Проект».

Заказчик материов СЭО: Коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел архитектуры и градостроительства» акимата города Кызылорда

Ответственный за разработку СЭО: Акимат г.Кызылорда

Уполномоченный орган за выдачу заключений по материалам СЭО: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Приглашаем общественность (всех граждан и юридических лиц) высказать свои замечания и предложения по следующим вопросам:

1) может ли реализация Генлана оказывать существенные воздействия на окружающую среду, и если да, то какие это воздействия и почему Вы считаете их существенными?

2) какие воздействия на окружающую среду и здоровье населения необходимо изучить до утверждения Генплана и почему?

3) освещена ли в отчете по СЭО вся интересующая Вас информация о возможных существенных воздействиях реализации Документа на окружающую среду и здоровье населения? Какая информация интересует Вас и почему?

4) имеются ли у Вас иные замечания и предложения, связанные с возможными воздействиями реализации Генплана на окружающую среду и здоровье населения?

Период действия стратегического документа: 2025-2035 гг

Уполномоченный орган: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Срок проведения процедуры по приему замечаний и предложений: до **30 мая 2025** года (последний день приема замечаний и предложений – 30 мая 2025 г.)

Контактные данные:

Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан г. Астана, пр. Мангилик-Ел, 8

Департамент экологической политики

Тел. 8 (7172) 74-02-83

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz, balzhan.sea@yandex.kz

Замечания и предложения в письменном виде можно направлять в электронном виде на эл.адрес Канцелярии Министерства: k.kense@ecogeo.gov.kz

Необходимо обязательно уточнять, что ваши документы получили в Канцелярии по телефону: +7 7172 74-08-44

Материалы по СЭО размещены:

на сайте Министерства (раздел «Деятельность» - раздел «Основные документы» - раздел «Стратегическая экологическая оценка»)

на сайте: сельского округа Косшынырау » и ссылку на сайте https://manager-beta.egov.kz/#/credentials/login

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор
Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп
№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
Таралу аумағы:
Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

АРДАГЕРЛЕРДЕ АРМАН ЖОҚ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданының Тереңөзек кентінде тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Яхия Тасыровты, Қазалы ауданында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Тілеуберген Тобабергеновті Жеңістің 80 жылдығымен құттықтап, құрмет көрсетті.

Ардагерлерге Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құттықтау хаты мен «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалін табыстады. Дәстүрге сай шапан жауып, сый-сияпат көрсетті.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Сырдария ауданының құрметі азаматы, 103 жастағы Яхия Тасыров 1942 жылы майданға аттанған. Сталинградты, Курскіні, Польшаны азат етуге қатысқан. Бейбіт өмірде де белсенді еңбек етіп, ауыл шаруашылығы өндірісінің өркендеуіне үлес қосқан. "Қызыл жұлдыз", I, II дәрежелі "Ұлы Отан соғысы" ордендері мен бірнеше медальдың иегері, елдің батагөй ақсақалы.

Қазалылық Тілеуберген Тобабергенов 101 жасқа толған қарт майдангер 1942 жылы Қызыл әскер қатарына қосылған. Беларусьті, Польшаны, Чехословакияны, Кёнигсбергті азат етуге қатысқан. Ұлы Жеңісті Берлинде қарсы алып, елге 1947 жылы оралған. Теміржол саласында зейнетке шыққанға дейін еңбек еткен.

I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», Жеңістің мерекелік және Г. Жуковтың естелік медальдарымен марапатталған.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге, қатары сиреген қарт майдангерлерге құрмет көрсетуге ерекше мән берілуде.

Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, оларға теңестірілген ардагерлер мен соғыс жылдары кемінде алты ай еңбек еткен тыл ардагерлеріне төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшері жыл сайын артып келеді.

Бүгінде Қазалы және Сырдария аудандарында 2 ҰОС ардагері тұрады. Оларға 5 миллион теңгеден берілсе, тыл еңбеккерлері, ҰОС ардагерлеріне теңестірілгендер мен мүгедектерінің төлемі 40 АЕК-тен 50 АЕК-ке ұлғайтылды.

"ЖЕҢІС" САЯБАҒЫНДАҒЫ ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ

Қазалы ауданының «Жеңіс» саябағында «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» атты мәдени шара өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және облыстың зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды мерекемен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

– «Баршаңызды Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – төл тарихымыздағы орны ерекше, қасиетті күн!

Бүгінде майдангер аталарымыз қазалылық Тілеуберген Тобабергенов, сырдариялық Яхия Тасыров Ұлы Жеңіс мерекесін атап өтуде. Ел басына күн туғанда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранға үн қосқан тыл еңбеккерлерінің ерлігі мәңгі есімізде. Қазіргі уақытта 1700 тыл еңбеккері ортамызда. Халқымыздың даңқты ұл-қыздарының қан майдан мен тылдағы өшпес ерлігі, ерен еңбегі ешқашан да ұмытылмайды», – деді Н.Нәлібаев.

Майданға Қазалы ауданынан 11 мыңға жуық азамат аттанса, оның 6 мыңнан астамы ғана елге аман-есен оралған.

Үрмәш Түктібаев, Михайлюк Яков, Мақаш Балмағамбетов, Геннадий Шляпин, Біліс Нұрпейісов, Владимир Счастнов Кеңес Одағының батыры атанды.

Салтанатты шарада тыл ардагерлеріне «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалі табысталды. Іс-шараға қатысушылар қан майданда қаза тапқандар мен ардагерлерге тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Бұл саябақ осыдан 40 жыл бұрын Ұлы Жеңістің 40 жылдығында пайдалануға берілген. Жеңістің 80 жылдығына орай мұнда абаттандыру және құрылыс жұмыстары жүргізіліп, Қазалы мәдени-демалыс кешеніне айналуда. Кешен алдағы уақытта аудан халқымен қатар көршілес аудандардың тұрғындары үшін де жайлы демалыс орнына айналады.

Аумағы 20 гектар болатын, яғни облыстағы ең үлкен саябақтың біріне мердігер мекеме «Каз Элит Строй Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Даңқ», «Тағзым», «Киелі қазақ елі», «Ғашықтар» аллеяларын және отбасылық мейрамханалар мен тамақтану, демалыс орындарын салды. Сондай-ақ, спорт және балалар ойын алаңдары, аквапарк, жасанды көлшік орналастырған.

«ТАҒЗЫМДАҒЫ» ТАҒЗЫМ

Қызылордадағы «Тағзым» алаңында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» атты салтанатты шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов,Мұрат Ергешбаев және құқық қорғау органдарының басшылары, облыстың зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, қала тұрғындары қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақ тұрғындарын Жеңістің 80 жылдығымен құттықтады.

– «Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткен әскери шеруде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз», – деп, 500-ге жуық көшеге Қазақстан қаһармандарының есімі берілетінін атап өтті. Осы орайда, ерекше атап өту қажет, оның 146-сы – облысымыздың ардагерлері. Жыл аяғына дейін қаһармандардың есімдері көшелерге беріледі.Сұрапыл соғыс жеңімпаздарының ерен ерлігін, шексіз батырлығын жадымызда жаңғырту, оларды мәңгі есте сақтау – қасиетті борышымыз. Жеңіс күні арыстарымызды еске алып, арамыздағы ардақты ардагерлерімізге құрмет көрсету – елдік парызымыз. Арын – байрақ, намысын – найза еткен ерліміздің қаһармандығы аңызға айналуда. Бүгінгідей Тәуелсіз ел атанып, еңсеміздің биік болуы, өркендеп-өрістеуіміз де – осы Ұлы Жеңістің жемісі. Аға буынның қайсарлығы мен төзімділігі, табандылығы мен патриоттығының арқасында бейбіт заманда еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, жарқын болашаққа қадам басып келеміз. Батыр бабаларымыз қол жеткізген қасиетті де ұлы ерлік ел жадында мәңгі сақталады! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болғай!» – деді аймақ басшысы.

Салтанатты шарада сұрапыл соғыс жылдары ерлік көрсеткен қаһармандар құрметіне бір минут үнсіздік жарияланып, ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Жеңіс туы желбірегелі 80 жыл өтсе де, қасық қаны қалғанша күресіп, кейінгіге

бейбіт өмір сыйлаған боздақтардың, хабар-ошарсыз кеткендердің, елге оралған соң еңбек майданында шыңдалған ардагерлердің ерлігі ұмытылмайды.

Сонымен қатар Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан тыл ардагерлері «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

АРАЛДА ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Облыс Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал ауданында «Ase Invest» тұрмысқа қажетті ұнтақтар өндіретін зауыттың ашылу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа зауыттың ашылуымен құттықтап, аймақтың кәсіпкерлік саласының жаңашылдықтарына тоқталды.

мемлекеттік бағдарлама аясында қолдау тапты. Бүгін «Ase Invest» серіктестігі іске қосатын зауытта шаруашылыққа қажетті ұнтақтар шығарылмақ. Жаңа зауыт құтты, жұмыстарыңыз сәтті, табысты болғай!» – деді аймақ басшысы.

Рәсімде Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Ергешбаев пен Мұрат Әбенов құттықтау сөз сөйледі. Сонымен қатар жаңашыл бастамаға ұйытқы болған компания өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Зауыт тәулігіне 22 тонна өнім өндіреді. Шығарылған өнімнің 50 пайызы экспортқа бағытталмақ. Жобаның екінші кезеңінде кәсіпорын ылғал майлықтар өндірісін жолға қоюды жоспарлаған. Цех жыл соңына дейін іске қосылады. Жаңа кәсіпорын 30 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Мен инвестиция және бизнес саласындағы ахуалды жақсартуға, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға айрықша назар аударамын. Кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін бизнесті жүргізу мәселесіне қатысты заң қабылдадық. Қазір мемлекеттік бақылау жүйесін ретке келтіріп жатырмыз», – деген болатын. Кәсіпкерлікті қолдауға 2022-2024 жылдары әртүрлі көздерден 206 млрд. теңге тартылып, 16 мың 700 жоба қаржыландырылды. Оның 40 млрд. 931 млн. теңгесі Ергешбаев пен Мұрат Әбенов құттықтау сөз сөйледі. Сонымен қатар жаңашыл бастамаға ұйытқы болған компания өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Зауыт тәулігіне 22 тонна өнім өндіреді. Шығарылған өнімнің 50 пайызы экспортқа бағытталмақ. Жобаның екінші кезеңінде кәсіпорын ылғал майлықтар өндірісін жолға қоюды жоспарлаған. Цех жыл соңына дейін іске қосылады. Жаңа кәсіпорын 30 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ- ИННОВАЦИЯЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ – ҚАБІЛЕТТІЛЕРГЕ ЖАҢА МҮМКІНДІК

Қызылорда қаласында «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясының ашылу рәсімі өтті. Салтанатты шараға Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мұрат Ергешбаев, Мархабат Жайымбетов және зиялы қауым өкілдері, ел ағалары арнайы қатысты. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, білім саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Сапалы білім – жетістікке деген болатын. Еліміздің болашағы - жастарымызға сапалы білім, саналы тәрбие беруде жүйелі жұмыс атқарылуда.

Аймағымызда соңғы үш жылда білім беру саласына бөлінген қаржы көлемі 304 млрд. 600 млн. теңге болып, 32 пайызға артты. Бұл - жалпы облыс бюджетінің 43 пайызы. Біздің ең бірінші міндетіміз - балалардың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. 2023 жылы Қызылорда қаласындағы 4 мектепке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы. Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті» - бұл жәй ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде бәсекеге қабілетті ұландарымызға жаңа мүмкіндіктер сыйлау. Егемен еліміздің өркендетудегі, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі өрелі бастамаларымыз табысты болсын! Ел іргесі биік, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!», -деді Нұрлыбек Машбекұлы.

1 850 орындық қосымша құрылыс салу есебінен үш ауысымдық оқу мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

Жаңа нысандардың ашылуы – тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдайды.Мұнда бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және фитнес залы орналасқан. Сондай-ақ үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек, үстел теннисі залдары бар. Барлық залда ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған. Көркемдік-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.

СПОРТ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ БАҒЫТЫНДА КЕЛЕСІДЕЙ ҮЙІРМЕЛЕР ҚАРАСТЫРЫЛҒАН:

- ҮЛКЕН ЖӘНЕ КІШІ БАССЕЙН
- ТОПТЫҚ СЫНЫПТАР ЗАЛЫ (ХАРЕОГРАФИЯ)
- ЖЕКПЕ-ЖЕК ЗАЛЫ (КҮРЕС, БОКС, КАРАТЕ)
- ФИТНЕС ЗАЛ
- ҮСТЕЛ ОЙЫНДАРЫ ЗАЛЫ (ШАХМАТ, ДОЙБЫ, ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ)

КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЛКЕТАНУ БАҒЫТЫНДА КЕЛЕСІДЕЙ ҮЙІРМЕЛЕР ҚАРАСТЫРЫЛҒАН:

- СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР КАБИНЕТІ
- БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ КАБИНЕТІ
- ДЫБЫС ЖАЗУ СТУДИЯСЫ
- АСПАПТЫҚ СТУДИЯ (ДОМБЫРА, ГИТАРА, СКРИПКА)
- ВОКАЛ СТУДИЯСЫ
- БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ КАБИНЕТІ
- ДРАМАТИКАЛЫҚ ТЕАТР ҮЙІРМЕСІ
- ТАРИХ-ӨЛКЕТАНУ КІТАПХАНАСЫ
- ЭКОЛОГИЯ КАБИНЕТІ
- КЕРАМИКА ЖІНЕ ҚЫШ ҮЙІРМЕСІ
- АСПАЗДЫҚ ШЕБЕРЛІК КАБИНЕТІ

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАҒЫТЫНДА КЕЛЕСІДЕЙ ҮЙІРМЕЛЕР ҚАРАСТЫРЫЛҒАН:

- ПРАКТИКАЛЫҚ ФИЗИКА КАБИНЕТІ
- ПРАКТИКАЛЫҚ ХИМИЯ КАБИНЕТІ
- БИОТЕХНОЛОГИЯ КАБИНЕТІ
- БАҒДАРЛАМА ЖАСАУ КАБИНЕТІ
- АВТОМАТИКА КАБИНЕТІ
- ДИЗАЙН ЖӘНЕ 3D МОДЕЛЬДЕУ КАБИНЕТІ
- LEGO ҚҰРЫЛЫСЫ КАБИНЕТІ
- ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТІ
- ҰШАҚТЫ МОДЕЛЬДЕУ КАБИНЕТІ
- МАТЕМАТИКА КАБИНЕТІ

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСТАР ҚОЗҒАЛЫСЫ БАҒЫТЫНДА КЕЛЕСІДЕЙ ҮЙІРМЕЛЕР ҚАРАСТЫРЫЛҒАН:

- БАЛАЛАР ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМЫ КАБИНЕТІ
- ФОТО-БЕЙНЕ ӨҢДЕУ СТУДИЯСЫ
- ЛИНГВИСТИКА КАБИНЕТІ
- МЕДИА ОРТАЛЫҚ
- СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ КАБИНЕТІ
- СЕНСОРЛЫҚ БӨЛМЕ
- ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ ДАМЫТУ КАБИНЕТІ
- ДЕБАТ КЛУБЫ

ҚАЗАҚ пен ӨЗБЕККЕ ОРТАҚ БАТЫР БОЛҒАНДАР...

Кеңес заманы кезінде орта мектепте оқып жүргенде Ұлы Отан соғысындағы кеңес одағының батырлары арасындағы қазақстандықтар, оның ішінде қызылордалықтар өзімді қатты қызықтыратын еді. Олардың тізімі, өмірбаяндары мен суреттерін кез-келген орта мектеп, кәсіптік училище, арнайы орта, жоғарғы оқу орындары, мұражай, қалалық партия комитеті, атқару комитеті, аудандық, қалалық, облыстық әскери комиссариаттар, кез-келген мемлекеттік мекемелер қабырғаларынан, ал Ұлы Жеңіс күні олардың суреттерін Орталық алаң мен мәңгілік алау ескерткіші жанында болатын шеруге шыққан адамдардың қолынан көруге болатын. Олар туралы көп мол мағлұмат білетін кеңес, партия, кәсіподақ, ҰОС-ның ардагері, жауынгерлік «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерінің иегері әкем Асан Қоразбаевпен пікір, ақпарат алмасатын едім.Қызылордалық батырлар Ж.Қизатовты, П.Артемовты қызмет бабында көрдім. Ж.Нұрсейтовпен бірнеше рет жеке кездестім. Кеңес заманында Ұлы Отан соғысындағы жеңіс пен соғыс ардагерлері, әсіресе кеңес одағының батырлары мемлекеттік деңгейде дәріптелетін. Олардың атыжөндерін жатқа білетінмін, өмірбаяндарын жиі қызықтап оқып, оларды ұлтына қарамай жерлестеріміз ретінде мақтан тұтатынмын.

Өткен жылы Алматыда тұратын Қарақалпақстан, Қазақстан Республикасының сот ардагері, белгілі адвокат Адайбек Бейімбетов ағамыздың үйінде қонақта болғанда кітаптар сөресінде тұрған бір тарихи кітапқа көзім түсіп, атүсті оқып шықтым. Бұл 1984 жылы Ташкентте «Узбекистан» баспаханасында автор Н.Г.Березнякпен құрастырылған «Герои Советского Союза Узбекистанцы» кітабы. Мақсатым – кітаптан қазақ батырлары туралы деректер табу.

Жазушылар Н.Е.Тихомолов пен Б.Х.Боксермен әдеби өңделген кітаптың мазмұнымен танысу барысында қазақ батырлары туралы табылған қызықты деректер мені таңқалдырды. Өзбекстан үшін тарихи маңызы бар кітаптың 119 бетінде автор да, сырбойылықтар да мақтаныш тұтатын кеңес одағының батыры Нағи Ильясовтың ерліктері орыс халқында батырларға қатысты қолданылатын «Мен онымен барлауға барар едім» деген қанатты сөздерімен басталған. Әрмен қарай мынандай жолдар бар екен: «Н.Ильясов 1920 ж. Қызылорда облысы Қызыл Юлдуз қыстағында дүниеге келген, ұлты қазақ, Ташкен балалар үйінің тәрбиеленушісі, Ташкен педагогика училищесінің рабфагын аяқтаған соң мектеп мұғалімі болып қызмет істеген».Әскери атағы сержант, 152 атқыштар бригадасының барлау ротасының бөлімше командирі, Ш-дәрежелі «Даңқ» ордені мен «Ерлігі үшін» медалымен марапатталған. Әрмен қарай батырымыздың соғыс кезіндегі ерліктері көрсетілген.

Тарихи кітаптың 231 бетінде сырбойылық екінші батырымыз Жаппасбай Нұрсейітовтің 1942 жылы Ташкен облысының Орта Шыршық ауданының әскери комиссариатымен әскерге шақырылғандығы, ҰОС кезіндегі ерлігі баяндалған. Соғыстан кейін оның Киров совхозында (қай республиканың, қай облысының қай ауданы екені көрсетілмеген) жұмыс істегені, бірақ батырдың өмірбаяны көрсетілмеген.

Қос батырымыздың соғыста көрсеткен ерліктері көптеген кітаптарда, ғаламторда жазылғаннан кейін кітапта келтірілген олардың ерліктерін қайталамауды жөн көрдім.

Википедия-ашық энциклопедия деректеріне сәйкес Н.Ильясов Қызылорда облысының Тереңөзек ауданының «Красная коммуна» колхозының № 8 ауылында туған. Қазақстанда алғашқы болып ашылған Арыс балалар үйінде (бүгінде Тәжібаев атындағы №1 балалар үйі), кейін Ташкен балалар үйінде тәрбиеленіп, орта мектепті, одан кейін Ташкен педагогика училищесінің рабфагын аяқтап, Ташкен облысының жоғарғы Шыршық орта мектебінің бастауыш мұғалімі (1939-1940 ж.ж.), Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданының өз ауылындағы Э.Тельман атындағы толық орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарған. Википедияда оқып, мұғалімдік қызмет бастаған жері Өзбекстан деп көрсетілген. Н.Ильясовтың балалық, бозбалалық шағын Ташкентте өткізгеніне дау айта алмаймыз, ол туралы уақытында оның марқұм ұлы Ренат та әңгіме барысында айтқан болатын.

Ал Қызылорданың Тереңөзегінде туып, сонда бастауыш мектепте оқып, әскерге алынған Ж.Нұрсейітов неліктен өзбекстандық батырлар қатарына қосылғандығы бізге белгісіз. Өзбек жағының Ж.Нұрсейітовты ешбір негізсіз, дәлелсіз, құжатсыз Өзбекстанның Киров совхозында жұмыс істеді деуі ешбір қисынға келмейді. Ресми деректерге сәйкес Ж.Нұрсейітов 1923 жылы 9 мамырда Қазақ КСР-ның Қызылорда облысының Тереңөзек ауданындағы Құрайлы ұжшарында (Шіркейлі ауылында) туған. Қызыл Армия қатарына 1942 жылы шақырылды. Ол кеңес әскері қатарына 1942 жылы шақырылып әскери борышын 155 атқыштар дивизиясына қарасты 486 атқыштар полкы құрамында Ахтырка қаласы, Киев облысы мен Днепр өзенінен өту кезіндегі ерліктері, соғыстан кейін Киров совхозында жұмыс істегені көрсетілген. Википедия-ашық энциклопедияда оның Ташкен балалар үйінде тәрбиеленгендігі, педагогика училищесінде оқығандығы туралы дерек көрсетілмеген.

Ғаламтор деректеріне сәйкес Өзбекстан жағының кеңес үкіметі кезінде Ж.Нұрсейітов дүниеге келді деген Киров атымен Ташкен облысы Чиназ ауданында колхоз аталған, ал Шымкент (қазіргі Түркістан) облысында Киров атында кейін қайта аталған Майлыошақ, Казыбек би Ақбұлақ, Өргебас, Жібек жолы, Асық ата ауылы-винсовхоз Абай аталған бірнеше колхоз болған. Ж.Нұрсейітовке қатысты жинақталған деректерде оның Өзбекстан мен Шымкент облысына қатыстылығы, яғни оның онда дүниеге келгендігі, тұрғандығы, оқығандығы, жұмыс істегендігі, әскерге алынғандығы туралы басқа деректер жоқ.

Тек Бүкілресейлік Федеральдық ұлттық істері» қоғамдық ұйымының «Жить вечно», «Ел батырлары» патриоттық интернет жоба сайтының парақшасында Ж.Нұрсейітовтың әскерге 1942 жылы Ташкент облысының Орта-Шыршық АӘК-мен алынғандығы туралы жарияланған. КСРО Әскери-Теңіз-Флотының Халық комиссары флот адмиралы Н.Кузнецовтың бұйрығына сәйкес 24.04.1944 ж. С-16 сүңгуір қайығы аталған Жаппасбай батырымызға қатысты кітаптар мен ғаламтор парақшаларында, басқа да деректерде оның Қызылорда облысында туып, өсіп, соғысқа аттанып, кейін елге оралғандығы, Өзбекстанға ешқандай қатысы жоқ екендігі анық көрсетілген. Менің ойымша «Жить вечно» сайты Ж.Нұрсейітовты ешбір негізсіз өзбекстандық деп Н.Г.Березняк кітабынан алып, таратылған ақпарат секілді. Сондықтан оның өзбекстандық батырлар қатарынан орын алуы түсініксіз жайт.

Бұл тақырыптың жалғасы ретінде қазақстандық, қазақтан шыққан кеңес одағы батырларына қатысты басқа да қызықты деректерді ұсынсақ.

Жоғарыда көрсетілген кітаптарда қазақ-өзбек ағайынды екі елдің тарихына енген ортақ бірнеше кеңес одағының батырларының есімдері көрсетілген. Олардың қатарында Қазақ КСР Қызылорда облысы Қазалы ауданында туған ұлты қазақ, Мақаш Балмағанбетов те бар. Ол соғыстан кейін Қарақалпақстанға қоныс аударып, Нүкіс қаласында тұрған.Осыған байланысты ол өзбекстандық, қазақстандық батырлар тізімінде бар.

Келесі батырымыз ұшқыш, гвардия аға лейтенанты Біліс (Плис) Нүрпейсовтың ата-анасы Қарақалпақстанға Қазақстаннан көшіп барғанын біреу білсе, біреу білмес. Бұрын тек жақын ағайындарына ғана белгілі болып келген ұланымыздың ұлты қазақ екені бізге 2015 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында белгілі болған. «Қызылордалық қаһармандар» мерейтойлық жинағы мен одан бұрын шығарылған жинақтарда оның есімі кіргізілмеген болатын. Википедия-ашық энциклопедия деректеріне сәйкес ол Қарақалпақстанда (тағы бір деректерде Ақтөбе облысында) туған. Батырдың Қызылорда қаласында тұратын туысқандарының айтуы бойынша ол Қызылорда облысы Қармақшы ауданында туған. Ағайындары Қызылорда облысында тұрып, 1930 жылдары діни қайраткер, көтеріліс басшысы Ақмырза Төсұлы ишанның кеңес үкіметіне қарсы көтерілісінен кейін Қарақалпақстанға (мүмкін Ақтөбе арқылы) көшіп барған болар. Сондықтан да оны өзбекстандықтармен қатар, қызылордалықтар мен ақтөбеліктер де өз батыры қатарына кіргізген.

Әйтеуір өзағаңдармен даңқты жерлестеріміз М.Балмағанбетов пен Б.Нүрпейсовтың ұлты қазақ деп көрсетілгеніне шүкіршілік танытайық. Өзі батыр, өзі ұшқыш, Ұлы Жеңіс қарсаңында Берлин түбінде қаза болған қандасымыз ұшқыш батырлары жоқтың қасы Өзбекстан батырлары статистикасын толықтыратын еді. Әйтпесе түркістандық Расул Есетов пен қарақалпақстандық Иноят Наурызбаев сияқты ұлты өзбек болып жазылып кетпегеніне кім кепіл. Р.Есетовтың соғысқа алынатын жасқа толмай Түркістан әскери комиссариатына қайта-қайта барып жүргенде қалалық комсомол комитетінің нұсқаушысы, құжаттарын реттеп, жасын ұлғайтып, соғысқа жіберген көршісі, ұлты өзбек жігітінің оның ұлтын өзбек қылып жаздырғанын соғыстан кейін білгендігін, көптеген мекемелердің есігін тоздырып, әрең дегенде өзінің қазақ екенін дәлелдеп шыққаны туралы кезінде БАҚ-тарда жарияланған болатын.

Сыртынан ұлты өзбек болып жазылып кеткен қарақалпақстандық Иноят Наурызбаев өзінің ұлты қазақ екенін билік орындарын аралап жүріп, 90 жылдардың аяғында дәлелдеді. Википедия –ашық энциклопедияда оның ұлты өзбек болып келді, кейін қазақ деп өзгертілді. Н. Иноятовтың өзбектен қазақ болу жолындағы сергелдеңі кезінде БАҚ-тарда жарияланды. Төлқұжатындағы ұлтын өзгертпеу туралы ұсыныстарын қабылдамаған қайсар мінезді батырымыз ештеңеге қызықпай бұл өмірден өтті.

Р. Есетов пен И.Наурызбаев тірі күндерінде қазақ екенін өздері дәлелдеп, Р.Есетов Қарқаралыдағы, И.Наурызбаев Ақтөбедегі ағайындарының артынан іздеп барып, танысып, араласып үлгірді. Батыр ұландарымыздың есімдерін, ерліктерін кейінгі ұрпақ білуі тиіс.Бұл елімізде жастарды патриоттық тәрбиелеуге, ұлттық идеологиямызды қалыптастыруға көмектеседі деп ойлаймын.

Кез-келген ұлт болмасын атақты адамдарға таласатыны белгілі ғой.Белгілі кеңес әскери басшысы, екі Қызылту, Суворов, II-дәрежелі Кутузов, 1-дәрежелі Богдан Хмельницкий ордендерінің иегері, 37 гвардиялық атқыштар дивизиясының даңқты командирі С.Рақымовтың ұлтына қатысты Ұлы Отан соғысы аяқталғалы бері басталған көптеген пікірталас, дауларға нүкте қойылған секілді.Өзбек жағы оны қазақ деп жариялауымызды үнсіз қабылдап, ешқандай ресми қарсылық ақпарат таратпаған секілді.

Википедия-ашық энциклопедеяға сәйкес болашақ батырымыз 8 жасқа келгенде әкесінен айрылып, балалық шағын Ташкенде жоқшылықпен өткізген. Тұрақты баспанасы болмай, әртүрлі жұмыстар істеген. Википедиядағы оның этникалық тегіне тоқталып өтсек. Кеңес кезінде ресми өмірбаяндарында, әдеби оқулықтар мен ресми құжаттарда С.Рақымовтың туған жері Ташкен қаласы, ұлты өзбек болып саналып келді.

Бірақ, кейін оның Оңтүстік Қазақстанда туып, Ташкенде қиын-қыстау заманда барған ұлты қазақ екендігі туралы хабар тарады. Оның қазақ екені дәлелденгеннен кейін Википедияда оның туған жері ретінде бұрын көрсетіліп келген Ташкент қаласы тұсына Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Көкібелі елді мекені қосымша енгізілді. Генералдың некеде жоқ жұбайы Құралай Натуллаева мен ұлы Роман Рахимовтың, Ташкентте тұрған анасының ағалары Төлеген мен Азизмат Каримовтардың, немере апасы Лутфи Оспанкулованың естеліктері бойынша оның ұлты қазақ, негізі өзбек болып қате жазылған.

«Алғашқы қазақ» немесе «алғашқы өзбек» генералы аталуы үшін ҰОС-ның аяғында-ақ көрші екі бауырлас халық арасындағы басталған талас кеңес үкіметі тарқап, егемендікке қол жеткізгеннен кейін республика ұлттық, партия элитасы мен интелегенциясы арасында қыза түсті. Ташкенде өзбек нағашысы Рақымның қолында өскен, көршілері «қазақ Сабыр» атап кеткен болашақ генерал бір құжаттарда қазақ, тағы бір құжаттарда өзбек болып көрсетіліп келді.Өзбектер «өзбек», қазақтар «қазақ» деп атаған Сабыр Рақымовтың бүгінде қазақ екендігіне ешкім шүбә келтірмейді.

Өзбекстан тарихшылары, жазушылары, зерттеушілерінің тырысуымен өзбек-қазақ батырлары атанған төмендегі азаматтар майданда өшпес ерлік істеп, денелері мәңгілікке ұрыс даласында қалды. Олар қазақстандық өзбектер Шымкент (Түркістан) облысының азаматтары Ирисбеков Құрманбай (Құрбантай) 1943 жылы, Рустемов Таштемір 1944 жылы, Садықов Ботабай 1943 жылы, Хусанов Зиямат 1944 жылы, өзбекстандық қазақтар Матросов ерлігін қайталаған Қарақалпақстанда туып, Түрікменстанда өсіп, жұмыс істеп, әскерге Ташауыздан алынған Қалдықараев Жұмағали 1944 жылы, Бостандық ауданында туған Қарақұлов Жұман 1944 жылы, лейтенант, янгиюлдік Уразов Ильяс 1945 жылы, андижандық Шакиров Астанқұл 1945 жылы, ақмолалық, тағы бір деректерде солтүстік қазақстандық Филипп Нижурин 1945 жылы қаза болған.

Олар әрине қаза болғаннан кейін екі елдің батырлары атанатынын, тіпті кейбіреулері олардың есімдерінің таласқа түсетінін білген жоқ. Олардың кейбіреуінің Өзбекстанда туып, өскендігі, оқып, әскерге алынғандығы туралы деректер бізге Н.Березняк кітабы, ғаламтор арқылы ғана жетіп отыр. Ал Қазақстанда туып, өскен кейбіреуінің Өзбекстанда уақытша тұрған, тұрмағандығы бүгінгі күні әлі белгісіз болып тұр.

Енді Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтап, кеудесіне «Алтын жұлдыз» тағып, Өзбекстан тарихшылары арқасында екі елдің батыры атанып, еліне аман-есен оралған азаматтарымызға тоқталсақ:

«Ер жігіттің қадірін Ағайын білмес, жат білер» демекші батырларымыздың бірқатарының Өзбекстан тарихымен байланыстылығы туралы деректер жеткілікті. Біреулері Өзбекстанда оқыды, қызмет істеді, соғыстан кейін арнайы шақырумен қоныс аударды. Олар ұлты өзбек алматылық Лутфуллин Сульга, жамбылдық Фаязов Михаил (Мамашариф) Гиясович, павлодарлық (тағы бір деректерде солтүстік қазақстандық) Степан Ильин соғыстан кейін Өзбекстанға қоныс аударған. Ташкеннің Бостандық ауданының тумасы (1956 жылы Өзбекстан құрамына берілген), тәжік Хакимов Алим соғыстан кейін туған жеріне аман-есен оралып, қызмет етті.

Талай қазақ баласы оқыған, кеңес үкіметінің алғашқы жылдары Алаштың бірнеше ұлдары қызмет істеген, жалпы адам баласының мекен етуіне өте қолайлы, қысы жұмсақ, мамыражай, адамның өмір-сүруіне ыңғайлы, жеміс-жидектің барлық түрі өсетін, бағасы арзан Өзбекстан астанасы Ташкен оңтүстіктің аса ірі орталығы болған арзан қала ретінде кеңес одағының кез-келген адамын қызықтырып келді. Соғысқа дейін де, соғыстан кейін де жалпы азаматтар қатарында «нанды қалаға» кеңес батырлары да жаппай қоныс аударуға асығуы түсінікті.

Қызылорданың Қазалысында туып, жұмыс істеген Ташкен жаяу әскер училищесінің түлегі, полковник Шляпин Геннадий Фадеевич, соғысқа дейін Ташкен мұғалімдер институтын аяқтаған түркістандық өзбек Юлдашев Файзуллабек соғыстан кейін өзбек жеріне қоныс аударды.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей бірқатар батырларымызды өзбекстандық батырлар қатарына жатқызуға қатысты дәлелдейтін құжаттар жеткіліксіз. Демек олар негізсіз Өзбекстан батырлары қатарын толықтырып отыр.Қазақстанда туып, өскен ұлты өзбек батырлардың Өзбекстан тарихымен байланыстырылуы түсінікті, қалыпты жағдай.

«Ер туған жеріне», «Су тасыса-көліне, Ер тасыса-еліне» демекші Жизақта туған қазақ Қауымбаев Тоғанбай соғыстан кейін Алматы Заңгерлер мектебін аяқтап, қызмет істеп кейін өмірінің соңын Шымкентте өткізді. Ақтөбе облысының тумасы, ұлты молдаван Гринько Иван Устинович соғысқа дейін аздаған уақыт Ташкен облысында тұрса да соғыстан кейін Оралға қоныс аударды. Самарқаннан әскерге алынған өскемендік Шарабарин Николай Александрович соғыстан кейін туып, өскен жеріне оралды. Соғысқа дейін Қарақалпақстанда тұрып, әскерге аттанған атыраулық Махорин Иван Федорович соғыстан кейін Қызылордаға қоныс аударып, еңбек етті. Өзбекстан деректері оны соғыстан кейін Қарақалпақсанға қайтып оралды деп есептейді. Екі елдің батырларына жатқызылған қазақстандықтар, Алматы облысының Ұзын-Ағашының өзбегі Д.Бабажанов пен сайрамдық өзбек Хусанов Зиямат (Өзбекстан деректерінде Ташкенде өскен), соғысқа Самарқаннан алынған өскемендік Шарабарин Николай Александрович соғыстан кейін өздерінің туған жерлеріне батыр болып, аман-есен оралып, халық шаруашылығын көтерді. Оңтүстік Қазақстанның Қызылқұм ауданында туған А.Алимбетов (өзбек деректерінде Бостандық ауданының Хумсан қышлағында туған) соғыстан кейін Қызылорда, Талдықорған, Гурьев (Атырау) облыстарында ДОСААФ комитетінің төрағасы лауазымын атқарып, абыроймен зейнетке шығып, бейбіт күнде қаза болды.

«Ер атағын ел сақтар» деген дана қазақ. Егемендікке қол жеткізгелі тарихшыларымыз, зерттеушілеріміз, әскери мамандарымыз Өзбекстанда, Түрікменстанда, Ресей мен Украинада туған, өскен ондаған батырларымыздың қазақ екенін дәлелдеп, қазақстандық, қазақ кеңес одағының батырлар тізімі толықтырылғаны көңіл көншітеді. Бұл бағытта жұмыстар алдағы уақытта да жалғасуы тиіс. Өмірден өткен белгілі адамдардың артында қалған жары, туыстары, іздеушісі болса ол туралы шындық ашылады, оның өмірі, ерліктері жарыққа шығады.

Бұл зерттеулермен қатар Қазақстанда туған, тұрған, кейін әртүрлі жағдайларға байланысты көрші елдерге қоныс аударған, олардың құрамына кірген аудандарда туған, тұрған азаматтар туралы деректер жинадым. Өзбекстан, Ресей қалаларында әскери училищелер мен әскери жиындарда оқуда болған батырлармен толықтыруға бағытталған еңбектерім өз нәтижелерін берді деуге болады. Құжаттарды зерттеу барысында қалың өзбек орналасқан жерлерден шыққан бірнеше азиат тектес азаматтардың ұлты көрсетілмегендігін байқадым, қосымша зерттеуді қажет етеді.

Ұлты қазақ, қазақстандық кеңес одағының батырлары туралы зерттегенде бұрын Қазақ КСР аумақтық бөліністеріне кірген қазақ елімен тікелей тарихи байланысы бар жерлерден шыққан батырларды ұмытпауымыз керек. Қарақалпақстан автономиялық Республикасының Қазақстан құрамында болған 1920-30 жылдары онда туып, өсіп, қызмет істеп, кейін майданда кеңес одағының батыры атанған азаматтар да қазақстандық батырлар қатарын толықтыруы тиіс.

Олай болса Ташкеннің Янгюлінде туып, өсіп, сол жерден әскерге аттанған Чариков Михаил Павлович, Қарақалпақстанда оқып, қызмет етіп, Төрткөл АӘК-мен әскерге алынған украиндық капитан Чепурин Филипп Федорович, ресейлік Симанов Александр Михайлович, қарақалпақ ұлтының өкілі Абдуллаев Орынбай қазақстандық кеңес одағының батырлары қатарына енгізілуі қажет. Егерде батырлар түгендеуде өзбек ағайындар тәсілін қолдансақ онда Қырғыз (Қазақ) кеңес республикасының 1920-1925 жылдары астанасы болған Орынборда туып, өсіп, орта мектеп аяқтаған (Орынбор әскери училище түлегі Ю.Гагарин, қазақстандық тізімге енгізілген Авдеев Н., қазақ Ұ.Ақбауовты есептемегенде) 235 батырды қазақстандық батырлар тізіміне енгізуге болады.

Қазір қазақ зерттеушілерінің арқасында 14 қазақстандық, оның 13-і қазақ (А.Ахметов, А.Кабдулов, Ж.Джумашев, Г.Постольников, Б.Джетпысбаев, И.Сулейменов, А.Мендыгалиев, Ж.Рахметов, С.Рустамбеков, К.Ахметов, И.Суюнбаев, С.Қалиев, Қ.Куктаев, Т.Абдыбеков) кеңес одағының батырына ұсынылса да оларға бұл ең жоғарғы атақ берілмеген. Бұл тізім алдағы уақытта толықтырылады деп ойлаймын.

Қардай борап тұрған оқтың астынан Рейхстаққа өрмелеп, алғашқы болып ту тігіп, тек ұлты славян, грузин болмағаны үшін батыр атағы берілмген Рақымжан ағамыздың ерлігін бүгінде Ресей тарихшылары мойындай бастады. «Курск доғасында» көрсеткен ерліктері үшін марапатқа ұсынылып, кейін соғыста із-түссіз жоғалып кеткен қарағандылық төрт қазақ қыздарынан құралған жалғыз танк экипажы туралы дерек енді жариялана бастады. Соғыстар тарихында әйел танк жауынгерлері арасында тек 13 славяндық әйелдер есімдері ғана аталып, олардың қатарында аруларымыздың есімдері аталмайды. Өйткені 1931-33 жылдары жаппай ұжымдастыру барысында олардың әке-шеше, бауырларын бұлар жан-тәнімен қорғаған кеңес билігі қазаға ұшыратқан болатын.

Тарихи деректерге көз салсақ 2015 жылғы есеп бойынша 615 қазақстандықтарға, оның 109-ы қазақ ұлтының өкілдері, кеңес кезінде 96 болатын кеңес одағының батыры атағы берілген. Википедия-ашық энциклопедеяға сәйкес өзбекстандықтар мен өзбек халқы арасынан да жеткілікті батырлар шыққанын жақсы білеміз. ҰОС кезінде 280 өзбекстандыққа, қазір 301, оның 69-ы өзбектер кеңес одағының батыры атағы берілген. Майда сөйлеп, жылдам бауырласып кететін, не нәрсені болса да өзіне сіңіріп, ие болудың шебері өзбек халқының қасиеттері белгілі ғой. Өз елінің батырлар санын көбейту бағытында да олар осы қырларынан көрініп жүр.

Қазақстанда туып өскен бірнеше өзбек ұлтты азаматтардың ата-бабаларының тарихи отанына көшуін Өзбекстан КСР басшыларының батырлар санын көбейту үшін оларға жеңілдіктер қарастырып, тұрмыстарын түзеу үшін арнайы шақыртулар ұйымдастыру нәтижесі болар.

Қазақстанда Мақтарал ауданының Асықата кентінде туып өскен ұлты қазақ Тасқұлов Қалыбай соғыстан кейін Ташкен облысына қоныс аударған. Өзбек деректерінде ол Бостандық (тағы бір деректерде Янгиюлде) ауданының Ақсақ ата ауылында туған. Бұл жерде қарама-қайшылық бар. Асық ата бұрынғы Киров, қазіргі Жетісай ауданына қарайтын ауыл. Өзбекстан деректерінде көрсетілген Бостандық ауданының Ақсақ ата ауылын ғаламтордан табуға мүмкіндік болмады. Соғыстан кейін екі елдің батыры атанған, Шыршықтан әскерге алынған ақтөбелік капитан Пятковский Иван Максимович Киевке, Бегаваттан әскерге шақыртылған көкшетаулық Ильин Степан Петрович, жамбылдық (Тараз) өзбек Фаязов Михаил Гиясович, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстанда жауапты қызметтер атқарған семейлік Новиков Василий Корнеевич соғыстан кейін Өзбекстанға қоныс аударды. Бұрын Қазақстан құрамында болған Бостандық ауданының Брич-Мулла қышлағында дүниеге келген, ұлты тәжік, екі елдің батыры атанған Хакимов Әлім де соғыстан кейін Ташкенде жауапты қызмет атқарған.

Қазақстан билігі кезінде өзбекстандықтардай елден тыс жерде тұрған қазақ батырларын елге шақырғандығы туралы деректер кездестірген жоқпын.Менің білуімше батырларымыз уақытында биліктегілермен еленіп, бағаланып, марапатталған жоқ.

Кеңес төңкерісінен кейін жаңа үкіметтің солақай саясатынан халқының жартысынан айрылып, тоз-тоз болған әрісі ауған, Иран, қытай, моңғол асқан, берісі Ресей, қарақалпақ, тәжік, қырғыз, түрікмен, кавказ асқан қазақтың батыр ұл-қыздары жаумен аянбай соғысып, ерліктің үлгісін көрсетті. Олар Мәскеу мен Ленинградты, Сталинградты қорғаған, орманда жүріп немісті ойрандаған, жаудың басты ұясы болған Рейхстагқа ең алғашқы болып ту тіккен, бірі ұшақпен жау шебін талқандаса, бірі жанған ұшағын неміс қаружарақ, техникасы, әскері тиелген жау эшелонына бағыттап жойып, өз өмірін қиды.

Бұрын Рақымжан ағамыздың Рейхстаққа алғашқы болып ту тіккенін мойындамаған, соңғы кезде панфиловшылардың Мәскеуді қорғап қалғанын жоққа шығарып жатқан, жалпы түркі, басқа да халықтардың Ұлы Жеңіске қосқан үлестерін жоққа шығарып жатқан шовинистік идеологиямен әбден милары уланып, соғыста жеңіске жеткен тек орыс халқы деп сандырақтап жүрген солтүстік көршіміздің кейбір азаматтарының заңсыз іс-әрекеттеріне Кремль тиым салмай келе жатыр. Биылдан бастап «Мәңгілік полк» шеруіне тиым салынуына байланысты елімізде әртүрлі славян қозғалыстары тарапынан қарсы үгіт жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мүмкін бұрынғы кеңес одағына кірген республикалар сияқты «Жеңіс күні» мемлекеттік мереке атын «II-дүние жүзілік соғыс құрбандарын еске алу күні» деп өзгертерміз. Олар басқа халықтардың, әсіресе түрік, мұсылман халықтарының Ұлы Жеңіске қосқан елеулі үлестерін білулері керек.

Хұсайын Асанұлы ҚОРАЗБАЕВ
заңгер-журналист. Полиция полковнигі.
Ақпарат саласының үздігі.

“АЛМАГҮЛ АЛМАТЫҒА ҚОШТАСУҒА КЕЛГЕН ҒОЙ”

Бұрынғы Тереңөзек, қазіргі Сырдария ауданының тарихына қысқаша шолу жасаған зерттеушілер XX ғасырдың 70-ші жылдарында аудан басқарып, абыройға бөленгендер арасынан Қонысбек Қазантаев, Елеу Көшербаевтармен бірге Алмагүл Божановаға назар аударары анық. Алдыңғы екеуі кеңес, партия органдарының ыстығы мен суығына көніп, мол тәжірибе жинақтаған, сақа кадрлар тобына жатады. Ал, А.Божанова олардың қатарында қалайша тұр деген орынды да, күмәнді сұрақ тууы мүмкін. Ол оған жастық жалын мен құлшына еңбек етуі нәтижесінде қол жеткізді. Жасынан белсенді, қоғамшыл болғанын, ұйымдастырушылық қабілетін көзбен көргендіктен айтамыз.

Алмагүл Божанова 1946 жылы 14 наурызда Қызылорда облысының Тереңөзек ауданындағы Қызылөзек елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Божан Күшенбаев, шешесі Кенже Есенқараева егін шаруашылығында еңбек еткен. Ол 1953 жылы №132 орталау мектебінің бірінші сыныбына барып, 1960 жылы бітіріп шыққан. 1960 жылы Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне түсіп, оны 1964 жылы бітіреді. 1964 жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтының орыс тілі мен әдебиеті факультетіне түсіп, оны 1970 жылы тәмәмдаған. 1964-1967 жылдар аралығында Тереңөзек ауданының Шаған ауылында балалар бақшасының меңгерушісі болып қызмет атқарып, осы елдің үлкен-кішісімен араласып, шаруашылықтың барлық қоғамдық өміріне, өсуіне үлес қосты.

1967-1972 жылдары осы ауданның «Бесөзек» ауылындағы өзі оқыған №132 мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметінде жүргенде, оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру, ата-аналармен байланыс, түрлі тәрбиелік шаралар ұйымдастырудың ұйытқысы болыпты. Осы тұста оның бойынан қайраткерлік қасиетті таныған Тереңөзек аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қ.Қазантаев басшылық қызметке шақырады. 1972 жылы Тереңөзек аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланып, оны 1977 жылға дейін атқарды. Аудан жастарының жетекшісі ретінде оларды өндірістің шешуші салаларына орналастыру, талантты жастарды тәрбиелеу жұмыстарын жолға қойып, өнер сайыстары мен спорт жарыстарында аудан жастары жүлделі орын алып тұрған, аудан комсомол ұйымы БЛКЖО Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туымен марапатталған.

1977-1983 жылдары осы ауданның А.Тоқмағанбетов атындағы ауылдағы №135 орта мектептің директоры қызметін атқарды. Осы жылдары ауыл орталығында мектеп үйі жаңадан салынып, сол заманғы ең жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді, аудандағы ең үлгілі мектеп болды. Бұл тұста да мектеп директоры А.Божанованың нақты үлгісі мол. 1983-1988 жылдары Тереңөзек аудандық партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарды. Аудандағы идеологиялық жұмыстың жаңа бағыт алуына, әлеуметтік салалардың тиімді жұмыс атқаруына, салауатты өмір салтын қалыптастырып, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың озық үлгілерін тұрмысқа ендіруде ұйымдастырушы, шебер үйлестіруші болды. Еліміздегі саяси қызметтердің өзгеру кезеңінде, 1991-1992 жылдары халық депутаттары Тереңөзек аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметінде болды. Бұл жаңа қоғамдық қатынастар қалыптастыру кезеңі болғандықтан, құрылымдық өзгерістер жасауға, оның сапасын көтеруге араласты.

1992-1999 жылдары Тереңөзек ауданы (кейіннен Сырдария ауданы болып аталды) әкімі болып қызмет атқарды. Бұл уақыттар саяси, экономикалық, әлеуметтік бағыттағы түбегейлі реформаларды жүзеге асыру кезеңі болды. Аудан өміріне барлық салалардағы реформаларды батыл ендіре отырып, совхоздардың тарап кетпеуіне ықпал етіп, қазіргі Нағи Ілиясов пен Шаған ауылын бөлшектемей ұстап, оның тұтас сақталуына, шаруашылықтардың, ауыспалы егіс танаптарының бөлшектенбеуіне, өтпелі қиын кезеңде аудан тұрғындарының әлеуметтік қорғалуына, орта және шағын бизнестің дамуына, жалпы нарықтық қатынастардың әрбір сала бойынша заман, заң талаптарына сай қалыптасуына баса назар аударды. Осы жылдары аудан облыс көлемінде көшбастаушы есебінде танылып, барлық көрсеткішпен бірнеше жылдар бойы бірінші, екінші орындарды иеленді.

Елімізде жергілікті мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесі қалыптасып, әкімдік институты ендірілген алғашқы кезеңде бірқатар әйел кадрлар республика аумағында басшылық қызметке тартылғаны белгілі. Сол кезде Алмагүл Божанова республикамыздағы аудан басқарған жалғыз қыз болды.

Алмагүл Божанова 1999 жылы екінші шақырылған облыстық мәслихаттың хатшысы болып сайланды. Өкілді органның беделінің артуына, сессияда қойылған мәселелердің, қабылданған шешімдердің орындалуына бақылау жасауда, оның тиімді болуына, облысты дамытудағы басты бағдарламалардың қабылданып, орындалуына атқарушы органдармен бірлесе отырып үлес қосты. Ол 2003 жылы облыстық мәслихат хатшысы болып қайта сайланды. Осы қызметтерді атқарған уақыттарында «Құрмет белгісі» орденімен, ел Президентінің Алғыс хаттарымен, мерекелік медальдармен марапатталды.

Алмагүлдің әкесі Божан (1893 жылы Қараөзек бойында туып, осында 1955 жылы қайтыс болды) кеңес, ұжымшар құрылысына белсене қатысқан. Ал, шешесі Кенже 1909 жылы туып, 1989 жылы Н.Ілиясов ауылында жерленді. Божанның үлкені Әбдіхалық 37 жасында ерте қайтыс болды, одан кейінгі Базаркүл, Әбсадық, Алмагүл, Маржан өмірде өз жолын тапқан жандар. Әбсадық көп жыл күріш бригадасының бригадирі болып, ел ырзығының тасуына айтарлықтай үлес қосты.

А.Божанова 1988-1991 жылдарда халық депутаттары аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрайымы болған кезінде аудан орталығында спорт сауықтыру кешенін, Іңкәрдария мен Асқар Тоқмағанбетов атындағы кеңшарлар орталығынан жаңа талапқа сай мектеп үйлерінің салынуына тікелей ықпал етіп араласты. Сондай-ақ, аудан, ауыл орталықтарының көркейіп, көгалдануына, саябақтардың халық игілігіне айналуына мұрындық бола білді. Алмагүл елге еңбегі сіңген қайраткер азаматтардың есімін көше, мектеп, ауылдарға атау етіп беруге күш салып отырды. Осылайша Кеңес Одағының Батыры Нағи Ілиясовқа, ақын Асқар Тоқмағанбетовке, ұжымдар құрылысының ардагері Оспан Мәлібаевқа кеңшар аттары берілді.

Алмагүл Божанова көп сөзділікті қаламайтын, өзіне де, өзгеге де талапты қатал қоятын, әрбір істі байыппен қарап шешетін, іскер ұйымдастырушы, басшы болды. Сыр елінде туған тұлғалардың мерейтойларын өткізуге атсалысты. Асқар Тоқмағанбетов, Әбділда Тәжібаев, Қалтай Мұхамеджанов, тағы басқа да ақын-жазушылардың тойларының жақсы өтуіне, қалың оқырманмен кездесулеріне жағдай да жасады.

А.Божанова облыстық мәслихат хатшысы ретінде, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының орынбасары кезінде де, депутат болып тұрғанда да қабылдауға келген әрбір адамға қол ұшын беріп, мәселелерін шешуге әрдайым бейім тұратын мемлекеттік қайраткер болды.

Сырдария ауданының (бұрыңғы Тереңөзек) соңғы 40 жыл бойындағы жеткен жетістіктерінде Алмагүлдің қолтаңбасы, ізі бар. «Ғасыр көпірі» деп аталатын Тереңөзек қонысы тұсынан Сырдария өзеніне көпір құрылысының салуына белсене атсалысты.

А.Божанова Қызылорда облыстық мәслихат хатшысы болуымен қатар Қазақстан халықтары Ассамблеясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары, Республикалық ұлттық Кеңестің мүшесі болды. Ол облыста тіл, дін мәселелерінің сергек шешілуіне, облыс экономикасы мен мәдениеті, өнер-білімінің артуына, жастар тәрбиесіне айрықша назар аударып отырды. Алмагүл қоғамдық, мемлекеттік сан-салалы жұмыстарымен қатар, кейінгі жастардың өсіп-жетілуіне қамқоршы да бола білді.

Кеңестік кезеңде абыройлы қызмет атқарған алдыңғы толқын ағалары И.Әбдікәрімов, Қ.Қазантаев, Е.Көшербаев, тағы да басқа абзал азаматтардың отбасымен аралас-құралас болып араласты. Сонау балалықтың балдәуренін бірге өткізген Жұпаркүл Иманбаевамен достығы, сыйластығы 60 жылдан асыпты. Бұндай қасиет биік парасаттан шығатынын ескерсек, Алмагүлдің бойынан адамгершіліктің биік белгісін көреміз.

Мемлекеттік қызметтерден босаған соң үйде қарап отырмай, облыстағы қоғамдық, саяси жұмыстарға, әсіресе, жастар мәселесіне белсене араласты. «Игілікті» басқарды, одан кейін «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігін ашып, соның төрайымы ретінде көптеген игілікті шараларды ұйымдастырды. Сондай-ақ, кейінгі жылдарда ақындар Асқар Кіребаев пен Жадыра Дәрібаева, Қайырбек Асановтың мерекелік тойын өткізуде өзіндік орны болды.

А.Божанова ұйымдастырушылық қабілетімен қатар, жазуға шебер, қазақ, орыс тілдерінде еркін, көсем сөйлейтін шешен еді. Халықаралық Жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі болды.

2023 жылы менің туғаныма 80 жыл толуына орай Сырдария ауданы мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде мерекелік шаралар өтті. Сол кезде де Алмагүл Божанқызы телефон шалып, Тереңөзекке барып, өткізілетін шараның дайындықтарын көретінін айтқан-ды.

10 қараша күні Сырдария (Тереңөзек) ауданының 95 жылдығы, менің 80 жылдығым бірге аталды. Барлық шараларға қатысып, егіз қозыдай бірге жүрдік. Арасында уақыт тауып, сіңлісінің үйіне апарып дәм татқызып, музейі мен кітапханасын аралатып көрсетті және экспонаттар жайлы түсіндірді. Қош, сонымен мен Алматыға кеттім.

2024 жылдың 20 мамырында телефон шалып, аман-саулықтан кейін біздің үйге баратынын айтты. Қуанып қалдық. 20-23 мамыр аралығында үйде болып, алып жатқан емі жайлы, музей-кітапханасы туралы да әңгімелестік. Оның ойына ой қосқандай болдық.

Үйге келгеннен Айдарханға «ет аспа, жеңілдеу тамақ болсын» деп өтініш айтты. Қалаған тамағын әзірлеп, ыстық нанға май салып жеп, бір рақаттанып қалды. Қолы босаса қағаз жазып отырды. Бірде жазған қағазына көзім түсіп, қарасам кілең адамдардың тізімі екен. “Бұл – 30 мамыр күні музей-кітапханама келетін досжолдастардың тізімі ғой, арнайы ашып, тұсау кесерін жасаймын, сен де келсейші” дегендей болды.

23 мамыр күні Алмагүл азанда «Кітапханаға кітап берсей, алып кетемін», – деді. Мен оның қатты ауырып тұрса да 7-8 кітапты алып кеткеніне таңқаламын.

26-27 мамыр күндері телефон арқылы сөйлестім. 30 мамыр күні өзі хабарласып, кештің жақсы өткенін айтты. Сөзінде қуаныш бар.

4 маусым күні Қызылордадан суық хабар келіп, сасып қалдым. Сөйлескен адамдар да «Алмагүл Алматыға қоштасуға келген ғой», – деп жатыр. Сол соңғы келген күндерінде (Алматыда) Бибайша Тілеубергенова, Жадыра Дәрібаевалармен дидарласты.

Алмагүл туралы көптеген жазушылар қызы, қарындасы ретінде пікір-ойларын жазып қалдырды, ақындар жыр жолдарын арнады. Ә.Нұрпейісов, Қ.Мұхамеджанов, А.Токмағанбетов, С.Оспанов сындарлы пікірлер жазды. Көрнекті ақын Қайырбек Асановтың «Қайсар қыз» атты өлеңінде:

Тағдыр жомарт,
сыйлапты ақылды оған,
Жаны-жайсаң жандарға
жақын болған.
Бала кезден бәйгеге қосылған қыз.
Оза шауып, жүлде алған,
алқынбаған, – деп жазды.

* * *

Алмагүл туралы Қалтай Мұхамеджанов: «Алма қызым, нағыз жолбарыс!», Шерхан Мұртаза: «Сырда шынардай өскен, шымыр, қайсар қызды көріп таныстым» десе, әдебиетіміздің алып тұлғасы Әбдіжәміл Нұрпейісовтың: «Алма қызым бойынан биік мұрат пен қайраткерлік қасиетті көрдім» деп бір отырыста айтқанын тыңдаған едім. Көптеген ақындар: Сейфолла Оспанов, Қайырбек Асанов, Әскербек Рахымбеков, Асқар Кіребайұлы, Жадыра Дәрібаева, Иранбек Оразбаев, Күләш Ахметова арнау-толғауларын арнаса, жазушылар Әбілмәжін Жұмабаев, Төлепберген Тобағабылов, Тынышбек Майлыбайұлы мақалалар жазды. Ә.Жұмабаев «Жомарт жүректің жарығы мен жылуы» атты мақаласында: «Енжарлық – кісі жанының азғындауы. Алма ешқашан да енжар болып көрген емес. Ол ұдайы жақсы істің басында, қасында жүрді. Үнемі әділдікті, адамгершілік қасиетті мұрат тұтып, қызмет жасады» депті.

* * *

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын Күләш Ахметованың «Нәзіктік пен қайсарлық» атты А.Божановаға арнаған жырында:

«...Бұл өзі бұйрық па еді, сыйлық па еді,
Қыздардың бірі болдың биліктегі.
Дүбірлі бәйгелерде ширығады,
Дарынның дауыл қанат жүйріктері»,
– деп жырласа, тағы бір дауылпаз ақын Мемлекеттік сыйлықтың иегері Иран-Ғайып «Алма – досқа» атты арнауында:

Жасымнан жаным сүйген – Алмагүлім,
Әкім боп – Әуеде өтті, Арда – күнің.
«Еркек пен ұрғашы
дос бола ала алмайды»
Деген сөз, өтірік сөз – жалған ұғым!
– деп жырлады.

Қызылорда облысының әкімшілігінен және А.Божанованың туыстарынан шақырту келіп, 12 шілдеде қырқына барып, көңіл қосымызды айтып және бір топ белгілі азаматтар ақылдасып, «Егемен Қазақстан» газетіне көңіл айтуымызды бердік.

Осынау қиын шақтарда кісілігімен Сыр елі ғана емес, Қазақстанға белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Алмагүл Божанованың намазы, қырық күндігі өткізіліп, қабір басына ескерткіш орнатылды. Бәрін де қатарлас, замандас, сыйлас азаматтар атқарды. Ол азаматтарға мың алғыс!

Қою қасты, бұйра шашты бейнесі мен жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін сағынып, еске аламыз. Алмагүл Божанованың елге жасаған қызметі мен сан-салалы істері елі бар да, азаматтар бар да ұмытылмақ емес. Алекеңнің жатқан жері жаннатта болғай!

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
жазушы, Қазақстан
Республикасының Мәдениет
қайраткері, «Құрмет»
орденінің иегері, Сырдария
ауданының Құрметті азаматы

НАҒИ ІЛИЯСОВ АУЫЛЫ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мерекесі қарсаңында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Сырдария ауданы Нағи Ілиясов ауылына газ қосу рәсімі өтті. Оған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Облыс әкімі тұрғындарды Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен және ауылдағы ағайын көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтады.

– «Жеңіс күні – елдік пен ерліктің, батылдық пен қаһармандықтың мерекесі!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне жасаған жұмыс сапарында осы ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысып, «Нағи Ілиясов басқа ауылдарға да үлгі болуы қажет. Сондықтан өзге облыстар да ауылдарды осылай дамытады деп ойлаймын», - деп жоғары бағасын берген болатын.

Ауылды гүлдендіріп, өнімді еңбектің арқасында туған өлкенің дамуына тұрақты қолдау көрсеткен Қазақстанның Еңбек Ері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Абзал Ералиевтің еңбегін ерекше атап өткен жөн.

Бұған дейін тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында жаңа дәрігерлік амбулатория, “Еңбек аллеясы” ашылған еді. Қазір халыққа қалтқысыз қызмет етуде.

Бүгін міне, мерейлі мереке қарсаңында Нағи Ілиясов ауылын газға қосу рәсіміне жиналдық. “Көгілдір отын” баршаңызға құтты, берекелі болғай!”- деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты шарада ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Мәжіліс депутаты Мұрат Ергешбаев құттықтауын жеткізіп, ел ағасы, Қызылорда облысының құрметті азаматы Ибрагим Әбибуллаев батасын берді.

Рәсімнен соң оған қатысушылар ауылды аралап көрді. Оқу-ағарту министрі мектепке барып, білім ошағының жұмысымен танысты.

Аймақта газдандыру жобаларына қаржы бөлініп, 330 шақырым газ желілері тартылды. Бүгінде өңірді газбен қамту деңгейі 78 пайызға жетті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 83 пайызға дейін арттыру жоспарланған. Бұған дейін де еліміздегі ең сәулетті, берекелі ауылдардың қатарында аталатын Нағи Ілиясов елді мекені “Үздік туристік ауыл – 2025» ұлттық байқауының қорытындысымен де республикадағы туристік ауылдардың үздік бестігіне енді.

ҚАЗАЛЫНЫҢ «РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ»

Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесінде Қазалы ауданында «Руханият орталығы» ашылды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және облыстың зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Облыс әкімі жиналған қауымды Жеңістің 80 жылдығымен және жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, руханиятымызға баса мән беруіміз қажет», – деген болатын. Өткен 2024 жылы өңірімізде «Руханият жылы» жарияланып, мәдени-көпшілік шаралармен бірге ауқымды жобаларды жүзеге асырдық. Алдағы уақытта да Сыр мәдениеті мен руханиятын қолдау жалғаса береді.

Биыл Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы құрылтайдың келесі V отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты.

Өздеріңізге белгілі, өңірімізде барлық 7 ауданда «Руханият орталықтары» салынды. Бұл жерде ұлтымыздың құндылықтары дәріптеліп, салт-дәстүрлеріміз кеңінен насихатталады. Бүгін өздеріңізбен бірге Қазалы ауданындағы «Руханият орталығын» ел игілігіне табыстаудамыз. Жаңа ғимараттағы бастамалар рухани қазынамызды толықтырып, халқымыздың өміріне қуаныш сыйласын!», – деді Н. Нәлібаев.

Салтанатты шарада ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, жаңа нысанның құрылысына үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сенат депутаты Наурызбай Байқадамов құттықтау лебізін жеткізіп, Қызылорда облысының құрметті азаматы Самұрат Имандосов батасын берді.

«Руханият орталығының» ішінде неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар.

«Руханият орталықтары» түрлі бағытта қызмет көрсететін мекемелерді бір орталыққа біріктіру арқылы бюджет қаражатын үнемдеуге, әкімшілік шығындарды азайтуға мүмкіндік берді. Дегенмен қаржы үнемдеуден де маңызды мақсат бар, ол – ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрімізді кеңінен насихаттау, өскелең ұрпақ бойына өзі туып-өскен өңір тарихы мен ұлт руханиятын сіңіру. Әртүрлі әлеуметтік топтардың қарым-қатынасы мен ықпалдастығын, ұрпақтар арасындағы өзара түсіністікті нығайту, сабақтастықты сақтау. Бір орталықта еңбек ететін жастарды, ардагерлер мен ақ жаулықты аналарды, мәдени мекемелерді ортақ іске жұмылдыру.

Осында өтетін іс-шараларға қатысқан оқушылар мен жастар бейбітшілік, келісім және өзара түсіністік құндылықтарын, мәдени, діни дәстүрлерді құрметтеуді үйренсе, «Руханият орталықтарының» көздеген мақсаты орындалғаны.

Соңғы жылдары Сыр өңірінде құрылыс қарқынды жүруде. «Анаға тағзым», Отбасы орталығы, көпфункционалды 1000 орындық Өнер орталығы, «Самұрық қазына» қорымен бірге Үстел теннисі орталығы, «ҚазМұнайГаз» компаниясының демеушілігімен заманауи үлгідегі 350 орындық Оқушылар сарайы салынып, ел игілігіне табысталды. Жаңадан симфониялық оркестр, инклюзивті театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасақталып, Жыраулар үйі жұмысын бастады.

Кітапхана

ЖЫЛАННЫҢ УЫ



Т.Нұрмағанбетов

Таң енді бозарып келе жатқанда бұлар оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған биік құм белдеуден өткенде, арғы жағы қара ормандай қаптаған сексеуілдер екен. Сол қалың сексеуілге кіре бере, бозбесті шұғыл батысқа қарай бұрылып, аз уақыт бүлкілдеді де биік өскен топ сексеуілдің ық жақ бетінде кепкен шөптермен, сексеуіл бұталарымен бастырылған аласа төмпешіктің жанына жетіп тоқтады. Қожайын атынан түсті. Оған ілесе Байшұбар мен Шертай да аттарынан түсіп, аттарының үстінен қоржындарды алды. Сосын Шертай аттарды тұсады. Байшұбар қожайынның ымдауымен кепкен шөптер мен сексеуіл бұтақтарын ысырған кезде, астынан есік шықты. Есікті ашып еді, аржағы әр жерін сексеуілмен тіреген кепе екен. Терезе, тесігі болмағандықтан кепе әуелде үңірейіп суық көрінсе де қоржындарды киргізіп, өздері де жайғасқан сәтте көздері үйренді ме, әйтеуір, бұларды аптаптан сақтай алар, салқын мекен болып көрінді.

Кепенің сән-салтанатын түгендеп жататындай ағайынды екеуде мұрша да жоқ-ты. Кірген бойда әрқайсысы өз қоржынын жастық етіп, ұзындарынан ұшып түскен бойда ұйқыға кеткен.

Байшұбар ұйқыдан оянған кезде қай мезгіл екенін де анық аңдай алған жоқ. Әйтеуір, кепе есігінен түсіп тұрған жарық мол. Жарықпен бірге ыстық ауаның да лебі ұрып тұр екен. Тағы бір байқағаны - қожайын тұрып кетіпті. Шертай болса үстінде мәйкі мен түрсиден өзге лыпа жоқ, ауызы ашылып, қалың ұйқыда жатыр.

Ол орнынан тұрып, сыртқа шықты. Төңірек ай-жай күйге енген. Күн тағы да жанып шығыпты. Қожайын кешегідей тағы бір «Кока-коланың» қалбырына құйылған сумен жуынып-шайынған екен. Қалған сумен бұл да беті-қолын жуа бастады. Ара-тұра аузын да шайып еді, ыстық күнде қоржында екі тәулік жүрген су өз-өзінен айнып кетіпті. Қайтып жерге түкірді. «Мүмкін, бүгінде құдық қазармын» деп ойлады ол қайтадан кепеге кіріп, жүресінен отырған күйі Лиза берген сүлгімен сүртініп жатып. «Қазу керек болса, несі бар... қазамын!»

Қайта кірген кезде көзі үйренгендіктен бе, кепе іші бұрынғыдан анық көрінді. Жүрелей отырған күйі төбеге қарады. Кепенің төбесіне арбыйтып-арбыйтып сексеуіл бұтақтарын салып, шөп-шаламмен аямай бастырып, сыртынан құмды да қалың төккеннен болар, еш жері бүлінбеген. Қар мен жауын суы да өтпеген секілді.

Ойдан ой туып, бірауық «Осы Қызылқұмға қар мен жауын жауа ма өзі, әлде жаумай ма?» деген сұрақтың төңірегінде басын қатырып жатып, Байшұбар қара көлеңкеге әбден көзі үйренген шақта, түкпір жақтан қарауытып жатқан бірдеңелерді байқады. Тізерлей жылжыған бойда ол әлгі қарауытып жатқан нәрсеге де қолын жеткізген. Ұстай беріп, қараса жаздық еркек туфлиі. «Е, жай нәрсе екен ғой», - деп қайта тастай беруге оңтайлана беріп, туфлиге кенет тағы бір үңілгені...

– Ойбай-ау, мынау-у - дей беріп, айналдырып мұқият қарады. Сосын «Бұл - Ералының туфлиі ғой» - деді іштей сенімді түрде. Сенімді болатыны - дәл осындай екі туфлиді Ералы екеуі Түркістаннан бірге сатып алған. Мұнықі былтырғы жазға жетіп пе еді, әлде жетпеп пе еді, әйтеуір, быт-шыты шыққан. Тозбасына да қойды ма, бұл бір жаққа барып келіп, аяғынан енді шеше бергенде, Шертай аяғына іліп алып кетіп бара жатқаны. Орталарындағы жалғыз оңған аяқ киім болғандықтан мойындары қылқиып, тағы бір жаққа шығуға Шертайдың қайта оралуын күтіп, аяғы қырқылып бұл отырады.

Ал мына Ералынікі тозбапты. Тозғаны не, бүп-бүтін. «Апырай, сонда Ералы осында болғаны-ау» деп ойлады Байшұбар қуанып, әрі іштей қатты толқып отырып: «Осында жұмыс істеп жүрген болды ғой. Е, бәсе, соқталдай жігітті жер жұтсын ба? Біз шамасы оны алмастыруға келген шығармыз».

Байшұбар енді туфлидің екінші парын да еңкейіп алып, оның да іші-сыртын ақысы қалғандай қараған... Сөйтіп отырып, іші бірдеңеден кіпі алды. Аяқ киімдер көптен бері киілмеген еді. Оны аңдағаны - былғарысы қаңсып, ұлтаны қайқайып кеткен. Биыл киілгендігі былай тұрсын, бір жылдан бері әлдекімнің қолы тигендігіне де күмәнді-тін. Өйткені - аяқ киімді құм басып кеткен.

Байшұбар кепенің төбесін, бұрыш қуыстарын жіті көзбен қайта шолып шыққан. Сондағысы «Ералының осында екенін айғақтайтындай тағы бірдеңелер табылып қалмас па екен» деген далбасатын. Көзіне ештеңе түспеді. Бір бұрышта аузы бұрап ашылып, бұрап жабылатын шыны бидон тұр. Байшұбар жаңылмаса қожайын дәл осындай ыдыстың тағы екеуін алып келді.

Осы бидонға Байшұбардың мән беруінің де себебі бар-ды. Екі жыл бұрын ол Шиелінің уран зауытында жұмыс істеген кезі болды. Сонда бір топ жұмысшы үстеріне арнайы киімдер киіп алып, азот қышқылы құйылған осындай шыны бидондарды вагоннан түсіріп, зауытқа тасыған.

Байшұбар еңкеңдеп барып, асықпай бұрап, бидонның қақпағын ашқанда, түбінде қалған болмашы сұйықты да аңдады. Бірақ түсі азотты қышқылдан бөлектеу сияқты.

Төбені тінтіп қарағанда көргені - сексеуіл бұтағының қуысынан бір орам кендір жіп пен оттық қорапшасы еді. Тағы бір қуыстан ерекше тігілген қолғап та тапты. Бірақ Байшұбарға керегі - Ералыға ғана тиесілі мүлік болатын.

Ақыры ол жүрелей жылжыған күйі өз қоржынының жанына келіп қисайды. Қисайып жатып ойлағаны да Ералы жайлы болды. «Бәрібір ол осында. Туфлиін кисін, кимесін, туфлиі тозсын, тозбасын, ол осында болмағанда қайда болады? Сонда өзі нендей жұмыс істеп жүр екен деші? Айтпақшы қожайын оған жұмысына ыңғайлы басқа аяққиім сатып әперген ғой. Біздің қожайын керек еткен адамына бір емес, бірнеше аяққиім сатып әперер-ау. Е, бәсе-е» деп ол ақыры Ералының осында жұмыс істеп жүргеніне өзін-өзі толық сендіргені сондай, ендігі жерде зәредей күдігі де қалмаған секілді-тін.

Ойының осылай қорытылғанына риза болғандай шалқалай жатып, әр жерінен шөп салбырап, сексеуіл бұтақтары арбиған кепенің төбесіне қарап жатып, ол ақырын ысқырып әндетіп де жіберген-ді. Ысқырған әуені де өзіне сондайлық ұнап еді, бірақ ойда жоқта Шертайдың оянып кеткені... Ол оянғандығын бір аунап түсіп сездірді де, әлі де ұйықтай бергісі келгендей маужырап жата берді.

Байшұбар өз қылығына аз-кем ыңғайсызданғандай біраз үнсіз жатты да, сәлден соң еңбектей жүріп, сыртқа шықты.

Кепені бір айналып шығып, ормандай болып өскен сексеуілдерге үнсіз қарап тұрған. Сәлден соң кепеден Шертай да шығып, бірауық керіліп, есінеді. Ұйқысы әлі қанбаған секілді. Сосын қалбырды қолына алып, ол да айнып кеткен сумен беті-қолын жуды.

Осы кезде қалың сексеуіл арасынан мылтық асынған Ахметтің шыға келгені. Әлдебір шаруа тындырып келе жатқандай жүрісі суыт. Екі балағын түрініп алған. Өзін күтіп алу үшін шыққандай, иіріліп тұра қалған бұларға қожайын бірден «кепеге кіріңдер» дегендей сұқ саусағын шошайтты. Өзі едәуір жер жүріп келген кісіше, маңдайы тершіген.

Үшеуі отырып тамақтанды. Қожайынның бұл жолғы қоржынынан шығарып газет-дастарқанға салған тағамының да түрі бөлек болды. Ол тарыдан жасалған бір қалта жент шығарып, ортаға қойды.

Ендігі жерде қоржында татымды бірдеңе қалды деу де қиындау еді. Сондықтан Байшұбар жентті ұзақ шайнап отырып, еріксіз: «Сонда қанша күн осында жұмыс істейтін болсақ, не жемекпіз? Ауылға қайтар болсақ ше?» - деп алдағы күндердің қамын ойлай бастаған. Бірақ ештеңеге ақылы жетпеді де, өзін-өзі алдартқандай болып: «Е, мылтық бар екен ғой» деді аузындағы жентін одан әрі шайнап жатып.

Жол-жөнекей әрлі-берлі зытып қашқан қояндарды көрген. Ал дария жағасында оңынан да, солынан да қырғауылдар парылдап ұшып, есін шығарғандары ше?

Байшұбар осы жолы қожайыннан «Ералы осында ма?» деп сұрауға да оңтайланған. Бірақ Ахметтің бүгінгі кейпі тіпті салқын еді. Біржола қанталап кеткен көкшулан көздері мен сақал-мұртпен жарыса өскен қыл-қыбыр басып кеткен суық жүзіне қарап отырып: «Бұл біреуді өлтіріп келгеннен сау ма, әлде біреуді өлтіруге оңтайланып отырғаннан сау ма?» деп ойласа да жарасқандай еді.

Байшұбардың қандайда бір сөз бастауға батылы жетпеді. Оның үстіне мұның әлденеге оқталған сыңайын танығандай болып, қожайыны жолбарыстың көзіндей өткір де ашулы жанарын бір аударып қарағанда, сөз бастамақ түгілі Байшұбар жеп отырған асына түйіліп қала жаздап, қайта-қайта жөтеліп барып зорға құтылғаны.

Ас соңынан Ахмет термосын шығарып, бұларға бір-бір кеседен көк шай құйды. Бір кесесін өзі ішті.

Ол шай ұрттап отырып та, шынжыр баулы қалта сағатын шығарып бір сәт үңілді де, жан қалтасынан қол радиосын алып, құлағын бұрады. Радио ел президентінің қайсыбір елдердің елшілерін қабылдағанын, парламенттің жазғы демалысқа кеткенін айтты. Сосын бір ауданда көпір, тағы бір ауданда жаңа мейрамхана салынып біткеңдігінен хабардар етті. Облыстық театрдағы жаңа бір қойылым жайын да сөз ете бастағанда, Ахмет ойындағысын айтпағанына ашуланған жандай, құлағын бұрай қойғанда қол радионың әңгімесі шорт кесілді.

Астан кейін Ахмет бұларға «демала беріңдер» дегендей емеурін жасады да, өзі мылтығын асынып, кепеден шығып, қалың сексеуілдің арасына кіріп кетті. Өте бір маңызды шаруамен айналысып жүргендей жүрісі тым суыт, әрі күдікті еді. Бірақ күдіктенген Байшұбар ғана. Шертайдың ойында ештеңе жоқ секілді. Малжаңдап әлі де жент шайнап отыр. Қожайын көрінбей кеткен кезде термостан тағы бір кесе шай құйып алды. Бірақ рұқсатсыз жасаған осы ісіне ұялғандай, қызарақтап отырып, Байшұбарға бұрылып қарады. Бұл қылығы - «ұрлығымды жасыруға жарарсыз» деген емеуріні сияқты еді. Байшұбар үндеген жоқ. Оған Ералының аяқ киімі жайлы да ештеңе айтқысы келмеді. Мұндай құпия әңгімелерді айтуға оны баласынды. Сосын қоржынын жастанған күйі шалқалай жата кетті де, тағы да кепенің төбесіне қарап жатып ысқырып әндетті. Бұл жолы ешкімнен қысылмай, қымтырылмай-ақ ысқырып еді, салған әуені тым мұңлы болып шықты.

Қоржындарын жастық етіп, салқын кепеде екеуі әңгімелесіп жатқан. Әңгімені бастаған Шертай:

– Аға, күзде ауылға қайтар болсақ, ақшаларымызды почтамен салдырмай, қолымызға алайықшы, - деп қайдағы бір арманын айтып кеткені...

– Қолымызға алдық не? Үйге барды не? Бәрібір өзіміздің ақшамыз емес пе?

– Жоқ, аға, қолымызға алайықшы... Барған соң Лизаға осылай айтыңызшы.

«Өзі мені Лизаға салғысы келеді» дегендей Байшұбар кепенің төбесіне қарап жатып, кекесінмен жымиып алды. Лизаның менің айтқанымды істейтінін біліп қойған.

Біраз үнсіздіктен соң Байшұбар інісіне қарай бұрылды.

– Ақшаны қолыңа алғанда, не істейін деп едің? - деді өзінше сыр тартқан болып.

– Әліқұл мен Бейсен екеуіне екі белесебет алайын деп едім.

– Екеуіне бір белесебет аздық ете ме?

– Екеуіне екеуін алайықшы, аға... Естері шығып, бір қуансыншы. Белсебеттерімен ана ауыл, мына ауылдың арасына жайлауға шыққан тайдай шапқыласыншы бір-р!

Осыны айтқанда Шертайдың көздері өз-өзінен күліп, қиялында белесебет айдап бара жатқан Әліқұл мен Бейсенмен қосарланып, өзі де бір бір белсебетке қосыла мінгендей есі шыға қуанып жатыр еді.

– Одан өзге не сатып алмақсың? - деді Байшұбар қазбалап.

– Аға, ауылға базардан қайтқандай болып барайықшы. Киіп те жарымай, ішіп те жарымай отырған аш-арық ауыл ғой. Біз барған күні той болсыншы. Ұзынарық... Ұзынарық болғалы естерінде қалатындай... «Қауынбайдың балалары Саратаннан келетін күні ше?» деп кейінгілерге жыр етіп айта жүретіндей оқиға болсыншы...

Байшұбар жауап орнына күлді. Бұл күлген сәтте інісі де қосыла күлді.

... Сол сәтте төбесін арбиған сексеуіл бұтақтарын салып, қырық түрлі шөп-шаламмен жапқан Қызылқұмның бір түкпіріндегі жер кепенің іші қандай бақытты күлкіге бөленіп еді. Туыстық сезім мен мейірімдері де қандай жарасып жатты. Бір-біріне күліп, қуанып қараған көздері сол жартылай қараңғы кепенің ішіне нұр шашып, жарқыратып тұрды емес пе? Шертай аңқылдаған, баяғы... бала күнгі мінезіне салып, ағасының белінен де құшақтады-ау... Сөйтіп жатып бұған күбірлеп: «Пірәлі атамның үйіндегі әжеме, Тоқашбай ағамның үйіндегі жеңешеме... Алдияр ағам мен Бибітай қарындасыма... Сиякүлге...» деп ауылдағыларға сатып алар базарлықтарының да нобайын айтып, бұл тыңдап жатқан. Ар жағы Байшұбардың есінде жоқ. Қор-р етіп ұйықтап кеткен... Ағасы ұйықтап қалған соң да ауылға апаратын базарлықтарын түгел тізіп, күздің қамын да, қыстың қамын да түгел ойлап, қиялымен семіріп, әрлі-берлі дөңбекшіп біраз жатты да, Шертай да қалғи бастады.

...Байшұбар бір кезде жамбасына тиген қатты бірдеңеден оянып кеткені. Апыл-ғұпыл көзін ашып қараса - Ахмет! Бұларды мылтығының дүмімен ұрып, оятып тұр екен. Шамасы қатты батса керек, Шертай қыңсып жылағандай болды. Бірақ оны қожайын мылтық дүмімен екінші рет ұрғанда, үні өшті... Пырс-пырс еткен дыбысының өзі тұншығып, аянышты естілді.

Әуелде Байшұбар қожайынының бұл қылығына қатты шамданған. Ашумен уәж қайырғысы келіп те тырсыйып бағып еді, бірақ оның жүзіне қарай беріп, өз-өзінен басылып қалғаны. Тіпті үні шықпай қалды. Қожайындарының ымымен есіктен ағайынды екеу бірінен соң бірі атып шыққанда, соңынан шыққан Байшұбар күннің тал түс екенін де, бесін екенін де толық айыра алған жоқ. Әйтеуір, жанып тұрған пешке кіргендей әсерде қалды. Асығыста болса да Байшұбар аяғының басына сүйретпесін іліп үлгерді де, жалаң-аяқ шыққан Шертай шоқ басқандай құмды бірде аяғының басымен, бірде өкшесімен басып, шығарда босағадан іле шыққан көйлегінің жеңіне қолын жолай сұғып, түрсишең бұты сыйдиып, қаздаңдап кеткен. Есесіне екеуі де жалаңбас. Бас жақтарында жатқан күнқағарлары ойларына да келмеген. Бастарына да біреу шоқ басып жатқандай.

Қожайынның дәл қазір бұлардың халжайымен шаруасы жоқ секілді.

Ахмет сұқ саусағын қалың сексеуілдің арғы жағына сілтеді де, бұлар қожайын сілтеген бағытқа қарай жүгіре басып келе жатты. Біраз жүріп барып, Байшұбар соңына бұрылып қарағанда, Ахмет те соңдарынан өкшелей басып келеді екен. Мылтығын бұларға кезей ұстап алған. Түрі кісі өлтіргендей, болмаса енді өлтіретіндей. Бұл – Байшұбар күтпеген көрініс еді. Бір жамандықтың боларын сезгендей, жүрегі су-у ете қалды. Әлгінде ғана оп-оңай тасып шыға келген ұшпа ашу да өз-өзінен сөніп, әншейіндегі қайрат-қуаты да семіп, қатты жасып қалғандай. Дегбірі қашқан бозөкпе баладай, әйтеуір далаңдап, жүгіре басып келеді.

Құм бетінде Ахметтің әлгінде ғана жүрген іздері білініп жатқан. Байшұбар сол ізден жазбады. Шертай қабаттасып жележортып келеді.

Кепеден шыққан бетте-ақ күннің ыстықтығын байқадым дегені де әншейін-ақ екен. Кепеден жарты шақырымдай ұзап шыққанда сезінді нағыз ыстықты! Төбелерін отпен қарып, табандарына от төсегендей бірдеңе... Шертай енді желе-жортып емес, аяқтарын әр жерден бір басып, аяғы кемісжандай шойнаңдап келеді...

...Кенет алдарынан кірпіштен өрген жерошаққа орнатылған қазан шықты. Байшұбардың бір мән бергені - қазанның астына мол етіп сексеуіл бұтақтарын үйген. Жанында өздеріне таныс шолақ күрек пен екі тілді айыр, сосын өзі әлгінде кепеден көргендей шыны бидонның екеуі жатыр. Құлап жатқандарына қарағанда ішіндегілері қазанға құйылған. Айыры айырдан гөрі шанышқыға ұқсаған, арбиған бірдеңе...

– Тоқта! - деді бұлар қазанға жақындай бергенде Ахмет соңдарынан айқайлап. Үні де кісі қорыққандай гүрілдеген бірдеңе. Байшұбар жаңылмаса, қожайынның бұларға тап осылай айқайлап дауыстауы да осы жолы шығар-ау.

Байшұбар тоқтады. Бұған ілесіп Шертай да тоқтаған. Бірақ құмның ыстығынан ол аяқтарын жерге нық қоя алмай, әуелі өкшесімен, сосын басымен тұрып, аяқтарын дамылсыз қозғаумен болған.

Тоқтаған кезгі Байшұбардың алғашқы байқағаны анадай жердегі ішін сексеуілдің бұтақтарымен өрген құдық еді. Ернеуіне қауға шелек ілінген. Жанында жартысы оралып, жартысы тарқатылып кендір арқан жатыр.

Ахмет бұларға жақындаған жоқ. Мылтығын кезей ұстаған күйі анадай жерден: «Байла-а!» - деді тағы да гүжілдеген дауысымен. Сұқ саусағы Байшұбарға, жолбарыстың көзіндей қанталаған көздері Шертайға қадалып тұр.

Құдыққа түсу үшін бірінің белін екіншісі арқан байлауы керектігін Байшұбар алғашқы айқайдың тұсында-ақ ұғынғантын. Бірақ құдыққа не үшін түсетіндігі дұдамал болды. Құдықтың түбін аршу керек пе? Әлде су алуы керек пе? Оның үстіне бойын билеген үрей, ендігі жерде біржола есін шығарып жібергендей. Қожайынына бұрылып қарағаны да алақ-жұлақ бірдеме... Аяғының астындағы кендір жіптің тарқатылып жатқан ұшына соза берген сол қолы дірілдеді. Сол қолы ғана емес, бүкіл тұла бойы дірілдегендей сезінді де, есі шыққаны сондай, қожайынның сұқ саусағының нені аңғартып тұрғанын да толық болжай алмады. «Сен жіпті ініңнің белінеберерін де, бермесін де білмей тұрғанда, Шертай ерекше батылдықпен жіпті жұлып алып, өз белінеасығыс байлай бастағаны.

Інісінің бұл қылығы - өзіне деген құрметтен бе, әлде төбесінен де, табанынан да қуырып, қарып бара жатқан аптап күннің әсері ме, анығын түсіне алмады. Бас қатыруға мұршасы тағы жоқ еді.

Шертай құдыққа түсіп бара жатты да, бұл оның белінеберілген кендір арқанды бірте-бірте босатып жатты.

Шертайдың төбесінің құдыққа енді бата бергені де сол еді, кенет оның ұзақ шыңғырған дауысы естілгені. Байшұбар өмірінде мұндай ащы, үрейлі дауысты естімеген шығар. Қатты далбырап сасып, әрі есі шығып кеткендіктен болар, қожайынына қарады. Ахмет бұрынғыша мылтығын кезеніп, бұған ежірейе қарап тұр екен. Оның қазіргі түрінен рахым күтудің өзі үмітсіз әурешілік еді.

– Жібер арқанды! - деді ол барынша қатқыл үнмен. Байшұбар абдырап тұрып, кендір арқанды одан әрі де жібере беруді ұмытып кеткенін енді аңдап, арқанды босата берген. Шыңғырған ащы дауыс, енді о дүниеден естілгендей, күңгірлеп төменнен шықты.

Осы сәтте барып Байшұбардың есіне жыландар... және көп жыландар түскені.

Ақыры шыңғырған ащы айқай төменге түскен сайын тұншығып барып басылды. Бірақ ол айқай Байшұбардың құлағынан әлі кеткен жоқ-ты.

Бір сәт Байшұбар інісінің соңынан құдыққа құлағысы келді. Қолындағы қарғыс атқыр арқанды тастай беріп, құла түзге қашуды да ойлады. Бірақ соның екеуін де жасай алмай, жаутаңдап қожайынға қарап тұрып, өзінің әншейін-ақ су жүрек қорқақ жан екенін де мойындады.

Байшұбардың осылай жаутаңдап қарарын да біліп тұрғандай Ахмет кәрленіп: - Тарт-т арқанды-ы! - деді, бүкіл құмды далаға әмірін жүргізіп тұрған жандай. Өйткені бұл Ахметтің дауысы ғана емес-ті. Ахметпен қосыла Байшұбарға мың-миллион адам айқайлағандай болған. Құдайым-ау, мың-миллионың не? Бүкіл дүние... Қызылқұмның самсаған атамзаманғы кәрі сексеуілдері мен жыл сайын, кейде ай сайын қоныс аударып, көшіп жүретін құм төбелері де осылай деді...

Сол айқайлардан құлағы шуылдап тұрып, Байшұбар енді дегбірі қашқан күйде, кендір арқанды өліп-өшіп жоғары тарта бастады. Бірақ өзінің есі кіресілі-шығасылы. Кендір арқанды құдыққа жіберіп тұрғанын да, әлде құдықтан жоғары тартып тұрғанын да анық білмейтін сияқты.

Оның бір байқағаны - адамның есі шығып, абыржыған сәттерінің өзінде ұят санасында тұрады екен. Және ол бар ісіңе, ойлаған ойың мен пиғылыңа биіктен қарайтындай. Жан-дәрмен күйде кендір арқанды жоғары тартып жатып, Байшұбар өзінің дүниедегі ең опасыз жан екенін де мойындаған.

Қанша опасыз болса да, оның қайтадан інісін көруге деген ынтызар ықылас - мейірімі де болды. Осындай ниетте тұрып ол құдықтың ернеуіне енді жақындап келе жатқан Шертайға ентелеп қарай бергені сол еді...

О, сұмдық!.. Шертай түгілі, адам сыйқына жобасы жақындамайтын бір құбыжық көзіне түсті.

– Шерта-аай! - деді Байшұбар сондай бір азалы үнмен айқайлап. Бірақ одан әрі ештеңе дей алмады. Не деуді білмеді де. Ол енді басының жалаңбас екенін де ұмытты. Денесін өртеп бара жатқан күннің алапат отын да сезінген жоқ. Дүние суып кеткендей тұла-бойы мұздап кетті.

«Мүмкін мен Шертайды емес, басқа бірдеңені тартып шығарған болармын» - деп ойлады бір сәт... Олай деуіне келмеді... Қолының саусағы, аяғының башпайы сияқты жерлерінің болмашы нобайы бар.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

ТӨЛЕМДЕР ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ, ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК?

– ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНАН КЕСТЕ БОЙЫНША БЕРІЛЕТІН ТӨЛЕМДЕРГЕ КІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ БАР?

– Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексіне сәйкес, БЖЗҚ-дан бекітілген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемі БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар:

1) зейнет жасына толған (ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас);

2) егер мерзімсіз болып белгіленсе, 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар;

3) еңбек жағдайлары зиянды өндірістерде жұмыс істеп, оның пайдасына жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай бойы міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленгенін растайтын құжаты бар және осы зиянды еңбек жағдайларындағы жұмысын тоқтатқан немесе денсаулыққа кері әсері жоқ басқа жұмысқа ауысқан,55 жасқа толған азаматтарға (бұдан әрі - жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай бойы міндетті кәсіби зейнетақы жарналары төленген 55 жасқа толғандар) беріледі.

– КЕСТЕ БОЙЫНША БЕРІЛЕТІН ТӨЛЕМДЕР ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

– Кесте бойынша берілетін төлемдер былай есептеледі: зейнетақы төлемін ала бастайтын алғашқы жылы зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының 6,5% төлем мөлшерлемесіне көбейтіліп, 12-ге бөлінеді. Одан кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері зейнетақы төлемдерін индекстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайып отырады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан берілетін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің кемінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады (2025 жылы ЕТК деңгейі - 46 228 теңге). Тек 55 жасқа толған және жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай бойы міндетті кәсіби зейнетақы жарналары төленген азаматтарға берілетін төлемнің есебі басқаша.

Мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеп, зейнет жасына толған, олардың пайдасына жиынтығында кем дегенде 60 ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген адамдар сияқты белгілі бір санаттағы алушылар үшін Әдістемеде ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуінен артығын қанағаттандыратын адамдар үшін ең үлкен мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

Егер БЖЗҚ-дан төлем жасалған күндегі зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаса (2025 жылы 753 252 теңге = 62 771х12), төлем бір рет бірақ беріледі.

Түзету коэффициенттері 55 жасқа толған және олардың пайдасына жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай МКЗЖ төленген адамдарға қолданылмайды.

– БЖЗҚ-ДАН БЕРІЛЕТІН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН АЛУ ҮШІН ҚАЙДА ЖӘНЕ ҚАШАН ХАБАРЛАСУҒА БОЛАДЫ?

– БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуға байланысты зейнетақы жарналарының міндетті түрлері есебінен зейнетақы төлемдерін тағайындау, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ортақ зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) уақытылы хабарласуы қажет. Мұны зейнет жасына 10 күн қалғанда жасауға болады. Зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Бұл ретте өтініш берілген күн болып өтініштің және қажетті құжаттардың ХҚКО-да тіркелген күні есептеледі. Егер алушы зейнет жасына толғанға дейін ертерек жүгінген болса-зейнет жасына толған күн өтініш берілген күн болып есептеледі. Әсіресе, бюджеттен төлемдер алу үшін уақытылы жүгінген аса маңызды, себебі оны тағайындау үшін алушы ұсынған құжаттар негізінде еңбек өтілін тексеру қажет.

– БЖЗҚ-ДА ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ БАР МҮГЕДЕКТІК БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАНДАРҒА ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ ҚАЖЕТ?

– Мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтары төлемін алу үшін БЖЗҚ бөлімшелеріне немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, enpf.kz сайтындағы не БЖЗҚ мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы жүгіну қажет.

БЖЗҚ-да мүгедектігі бар адамдар үшін үйінде/жұмыс орнында қызмет көрсету ұйымдастырылған. Бұл ретте алдын-ала кеңес беру, оның ішінде қызметтерді қашықтан, ешқайда бармай-ақ алу мүмкіндігі тексеріледі.

– 55 ЖАСҚА ТОЛҒАН, ОЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫНА ЖИЫНТЫҒЫНДА КЕМІНДЕ 84 КҮНТІЗБЕЛІК АЙ МКЗЖ ТӨЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРҒА ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ ҚАЖЕТ?

– 55 жасқа толған, олардың пайдасына жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай МКЗЖ төленген тұлғаларға міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері арнаулы әлеуметтік төлем тағайындау шеңберінде проактивті қызмет көрсету арқылы не жеке басын куәландыратын құжатты, сондай-ақ банк шоты туралы мәліметтерді ұсына отырып, Мемлекеттік корпорацияға өтінішпен жүгінген кезде тағайындалады.

Егер аталған адамның міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары болса, онда бұл тұлғаға оларды алуға келісімі болған кезде міндетті зейнетақы жарналары есебінен БЖЗҚ-дан қосымша зейнетақы төлемдері тағайындалуы мүмкін.

– БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІНЕ ЖҮГІНБЕГЕН ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ?

– Телефон нөмірлері egov мобильді азаматтар базасында тіркелген болашақ зейнеткерлерге (әлеуетті алушыларға) зейнет жасына толғанға дейін 2 ай қалғанда 1414 нөмірінен зейнетақы төлемдерін тағайындау жөніндегі қызметтерді алу үшін Мемлекеттік корпорацияның жақын жердегі бөлімшесіне уақытылы жүгіну мүмкіндігі туралы SMS-хабарлама жіберіледі. Онда egov.kz сайтындағы қажетті құжаттар тізіміне сілтеме беріледі. Яғни, мемлекеттік органдар зейнетақы төлемдерін белгіленген мерзімде ресімдеу үшін тиісті хабарламалар жібереді. Себебі, өткізіп алған кезең үшін төлемдер тағайындалмайды.

Сонымен қатар, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша проактивті қызмет көрсету мақсатында зейнет жасына толған, Қорда зейнетақы жинақтары бар, бірақ төлем алуға өтініш білдірмеген тұлғалар бойынша БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп, осындай азаматтарда жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің барлық жоқтығын жыл сайын салыстырып, тексеру жұмыстарын жүргізеді. Жыл сайынғы салыстыру нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған кезде БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациямен жасалған тиісті келісім шеңберінде оларға зейнетақы төлемдерін өтінішсіз-ақ аударады.

МӘМС ЖҮЙЕСІНЕ ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КІРЕДІ?

Оқырмандардың сұрақтарына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова жауап берді.

♦ Мен МӘМС жарнасын төлеймін, сақтандырылғанмын, бірақ қандай медициналық қызметтерді ала алатынымды білмеймін.

МӘМС аясында көрсетілетін медициналық көмек тізіміне *(Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысына сәйкес, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті бекіту туралы»)* келесі қызметтер кіреді:

- Амбулаториялық деңгейдегі арнайы көмек: профилактикалық тексерулер, бейінді мамандардың кеңесі, созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық бақылау, белгілі бір санаттағы азаматтарға стоматологиялық көмек, диагностика және процедуралар;

- Үйдегі стационар қызметтерін қоса алғанда стационарды алмастыратын жағдайдағы арнайы және жоғары технологиялық көмек, сондай-ақ жоспарлы және шұғыл стационарлық көмек (тәулік бойғы стационарда емдеу, күрделі хирургиялық оталар, күндізгі стационарда ем қабылдау).

- Медициналық оңалту (аурудан, жарақаттан, операциядан кейінгі оңалту);

- Емхана деңгейінде және стационарда көрсетілетін медициналық көмек аясында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету (диспансерлік есепте тұрған пациенттер үшін).

♦ Дәрігер емханада екпе тағайындап, емшара кабинетіне жіберді. Дәрілерді өзім сатып алдым. Бұл заңды ма?

МСАК ұйымына тіркелген пациенттер белгілі бір препараттармен тегін қамтамасыз етілуге құқылы. Бұл дәрілер емхана арқылы берілетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесіне енгізілген *(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-75 бұйрығы)*. Егер тағайындалған дәрілер мен пациенттің диагнозы осы тізбеге кіретін болса, емхана оларды өзі ұсынуға міндетті.

Егер тағайындалған дәрілер тегін тізімге кірмесе, онда пациент оларды өз қаражатына сатып алады.

♦ Менен жарналарды төлеуді талап етуде, бірақ мен жеңілдік санатына кіремін. Айтуларынша, мен МӘМС жүйесінде сақтандырылмағанмын.

Егер пациент жеңілдік санатына кіретін болса, оның жарналарын мемлекет төлейді, сондықтан ол өзі ешқандай төлем жасамауы тиіс.

Егер пациенттің мәртебесі болмаса, оның себебін анықтау қажет. Мысалы, күндізгі бөлімде оқитын студент туралы мәліметтер Ұлттық білім беру деректорына енгізілмеген болуы мүмкін, сондықтан ол сақтандыру мәртебесін жоғалтқан. Немесе азамат мерзімді әскери қызметтен өткен, бірақ бұл деректер Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына берілмеген болуы мүмкін.

Жағдайды нақтылау және мәртебені жаңарту үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жүгіну қажет.

ҚАЖЫЛЫҚ ҚАШАН?

Биылғы жылдың 10 маусымына дейін Меккеге баруға шектеу енгізіледі. Өйткені қала қажыларды қабылдауға дайындалады. Сауд Арабия Корольдігінің Қажылық және ұмра министрлігі 29 сәуір мен 10 маусым аралығында Мекке қаласына кіруге және қалада болуға уақытша шектеу енгізілетінін хабарлады. Бұл уақыт аралығында қала биылғы қажылық рәсіміне келетін адамдарды күтіп алуға дайындық жұмыстарын жүргізеді.

Сауд Арабия Корольдігі елге туристік мақсатта келетін жандарға ескерту жасады. Корольдік бекіткен заңдар мен ережелерді сақтамаған туристер жазаға тартылады.

Сауд Арабия Корольдігінің Қажылық және ұмра министрлігі 2025 жылғы қажылық маусымы үшін Қазақстанға 10 мың қажылық орнын ұсынды.

Қазақстандықтарды қажылыққа 15 туркомпания апаруға құқылы.

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНЕ КІМ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ТҰРА АЛАДЫ?

Тұрғын үй кезегіне тұру үшін жергілікті тұрақты тіркеуіңіздің болғанын және соңғы 5 жылда атыңызда үй болмауын ескерген жөн. Астана, Алматы, Шымкент қалалары үшін тұрақты тіркеу кемінде 3 жыл болуы шарт. Кезекке тұруға өтініш берушінің соңғы 12 айдағы орташа айлық табысы отбасының әрбір мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен төмен болуы тиіс. 2024 жылы ең төменгі күнкөріс мөлшері 43 407 теңге. Сондай-ақ отбасының әрбір мүшесінің табысы жоқ дегенде 134 562 теңге болуы тиіс.

Соғыс ардагерлері, жетім балалар, ата-анасының қарауынсыз қалған балалар, мүгедек балалар және басындағы жалғыз баспанасы апатты деп танылған азаматтардың күнкөріс мөлшері есептелмейді.

КІМДЕР ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНЕ ТҰРА АЛАДЫ?

Отан соғысының қатысушылары, жеңілдіктер бойынша Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;

Әскери ардагерлер;

Жетім балалар;

Ата-анасының қарауынсыз қалған балалар;

Көпбалалы және толық емес отбасылар;

«Алтын алқа» не «Күміс алқа» тақҚан көпбалалы аналар;

«Батыр ана» атанған көпбалалы аналар;

I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденін алған көпбалалы аналар;

I, II топ мүгедектері және мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар;

Үкімет белгілеген тізімдегі созылмалы аурулардың ауыр түрімен ауыратын жандар;

Мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік мекеме қызметкерлері;

Әскери қызметкерлер;

Ғарышкерлер мен ғарышкерлікке үміткерлер;

Мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар;

Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қайтыс болған адамдардың отбасылары;

ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте жалғыз баспанасы апатты жағдайда деп танылған азаматтар;

Экологиялық зілзала, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

Зейнеткерлер;

Қандастар.

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНЕ ҚАЛАЙ ТҰРУҒА БОЛАДЫ?

Баспана кезегіне тұру үшін өтінішті eGov порталы немесе kezekte.kz сайты арқылы жолдауға болады.

1. kezekte.kz сайтында кезекке тұру үшін жүйеге ЭЦҚ арқылы кіріп, өтініш беру қажет. Түрлі куәліктер мен анықтамаларды дайындаудың қажеті жоқ, олар электронды базада бар. Ал, базадан табылмаған жағдай құжаттардың сканерленген нұсқасын тіркеу қажет.

2. eGov электронды үкімет порталында баспана кезегіне өтініш жіберу тәртібі:

Алдымен порталда авторизациядан өтіп, «Онлайн сұратым» батырмасын басу;

Өтінімді толтыру және ЭЦҚ (электронды цифрлық қолтаңба) немесе смс-кілтсөз (міндетті түрде мобильдік азаматтар базасында тіркелу қажет) арқылы қол қою;

Өтінімге құжаттарды қоса тіркеу;

Жеке кабинетте («Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде) өтініміңізді өңдеу туралы хабарламамен танысу.

Кезекке тұру туралы өтінішті қарау мерзімі – 15 жұмыс күні. Содан кейін ұялы телефонға 1414 нөмірінен SMS хабарлама келуі керек.

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНЕ ТҰРУ ҮШІН ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАЖЕТ?

есепке қою туралы өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат;

некеге тұру/бұзу, жұбайының (зайыбының) қайтыс болуы, балалардың тууы туралы куәлік;

ҚР «тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 67-бабында айқындалған санатқа өтініш берушінің қатынасын растайтын құжаттар:

– толық емес отбасылар некені бұзу/жұбайының (зайыбының) қайтыс болуы туралы/әке болуды анықтау туралы куәлікті / № 4 нысанды ұсынады;

– көпбалалы отбасылар бар болған жағдайда көпбалалы ананың кітапшасын ұсынады;

– жетім балалар ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлікті/сот шешімін/қорғаншылық құжаттарын/балалар үйінің анықтамасын ұсынады;

– I және II топтағы мүгедектер және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар мүгедектігі туралы анықтама ұсынады;

– мемлекеттік қызметкерлер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар жұмыс орнынан анықтама ұсынады;

– зейнеткерлер зейнетақы кітапшасын ұсынады;

– қандастар Кандас куәлігін ұсынады;

– кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар ауруы туралы медициналық қорытынды береді;

– экологиялық апат салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар тұрғын үйді техникалық тексеру жөнінде қорытынды береді;

– басындағы жалғыз баспанасы апатты деп танылған азаматтар тұрғын үйді апатты деп тану туралы қорытынды береді.

№4. Уақытша тіркеу туралы анықтама тұрғын үйге кезекке қою үшін жарамды ма?

Жоқ. ҚР азаматтарын республикалық маңызы бар қалаларда немесе Астанада есепке қою үшін кемінде үш жыл тұрақты түрде тұру талап етіледі. Осылайша, уақытша тіркелген азаматтар тұрғын үй кезегіне құжаттарын тапсыра алмайды.

МЕМЛЕКЕТ ҰСЫНАТЫН ТҰРҒЫН ҮЙ КӨЛЕМІ ҚАНДАЙ БОЛУЫ МҮМКІН?

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 75-бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттен бір адамға пайдалы ауданның 15 шаршы метрден кем емес және 18 шаршы метрден артық емес, бірақ бір бөлмелі пәтерден немесе жатақханадағы бөлмеден артық емес мөлшерде тұрғын үй ұсынылуы мүмкін.

Егер отбасында жоғарыда көрсетілген аурулармен ауыратындар болса, онда оларға жеке бөлме ұсынылады. Сондай-ақ, егер отбасында жүктілік мерзімі 22 аптадан асқан аяғы ауыр әйел болса, берілетін пәтердің ауданы үлкеюі мүмкін.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 76-бабына сәйкес, ұсынылатын тұрғын үйдің тұрмысқа жайлы болуы, қала сызбасында орналасуы және онда мүгедектерге қажетті жағдайлар ескерілген болуы тиіс.

КОМИССИЯ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА АЗАМАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНЕ ҚОЮДАН БАС ТАРТУЫ МҮМКІН?

Өтініш беруші азаматтың соңғы 5 жыл ішінде төмендегі жолдармен өзінің тұрғын үй жағдайын әдейі нашарлатып, баспанаға мұқтаж болғаны анықталса, тұрғын үй комиссиясы оны кезекке қоюдан бас тартады:

тұрғын үйін айырбастаса;

өзінің меншік құқығындағы пайдалануға жарамды тұрғын үйді иелігінен шығарса (тұрғын үйді «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 98-бабына сәйкес, жергілікті атқарушы орган сатып алса, ол саналмайды);

тұрғын үйді қасақана бұзса не бүлдірсе;

мемлекеттік тұрғын үй қоры ұсынатын не жергілікті атқарушы орган жалға беретін баспанаға мұқтаж емес кезінде тұрған үйінен қасақана шығып кетсе;

жұбайы, кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз балалар, сондай-ақ еңбекке жарамсыз ата-анасынан басқа тұлғаларды тұрғын үйге қоныстандырса.

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА АЗАМАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНЕН АЛЫП ТАСТАУЫ МҮМКІН?

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 73-бабына сәйкес, комиссия тұрғын үй кезегінен мынадай жағдайларда алып тастай алады:

тұрғын үйді ұсыну қажеттілігі жойылса;

азамат басқа елдімекенге көшуге немесе мемлекеттік кәсіпорын не мемлекеттік мекемеден жұмыстан шығуға шешім қабылдаса;

өтініш беруші өзі және өзінің отбасы туралы толыққанды ақпарат ұсынбаса, шындыққа жанаспайтын ақпарат ұсынса;

азамат жер телімін алып, өз үйінің құрылысын бастаса не баспана сатып алса;

сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй алса.

Жетім балалар және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ тұрғын үйге мұқтаж және тұрғын үйді алуға дейін есепке қойылған толық емес отбасылар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға жататын ҚР азаматтары және қандастар кезектен алынбайды.

Комиссия азаматты тұрғын үй кезегінен шығару туралы шешім қабылданғаннан кейін 10 күн ішінде жазбаша түрде міндетті түрде хабардар етуі тиіс.

Тұрғын үй кезегінен алынып тасталған жағдайда азамат бұл шешіммен келіспесе, сотқа жүгіне алады. Ол үшін алдымен өзінің не себепті кезектен шығарылғанын анықтап алуы қажет. Егер, қандайда бір техникалық ақау болған болса, азамат өзі туралы ақпаратты енгізетін мемлекеттік органға хабарласып, kezekte.kz сайтындағы жеке кабинетін қалпына келтіруге өтініш беруі тиіс.

«ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ»

Сырдария ауданы орталығы Тереңөзек кентіндегі «Тағзым» алаңында 9 мамыр - Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Ер есімі – ел есінде» атты іс-шара өтті.

Салтанатты жиынға аудан әкімі Берік Сәрменбаев, Ұлы Отан соғысының ардагері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Яхия Тасыров, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов және облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов, Тәжік-Ауған соғысының ардагерлері, Чернобыль, Семей зардаптарын жоюға қатысқан азаматтар, зиялы қауым өкілдері және аудан тұрғындары қатысты.

Аудан басшысы сырдариялықтарды Жеңістің 80 жылдығымен құттықтап, отан үшін от кешкен батырлардың ерлігін атап өтті.

– Жеңіс күні – елдік пен ерліктің, батылдық пен қаһармандықтың мерекесі! Бұл күн – бейбітшіліктің, азаттық пен тәуелсіздіктің нышаны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Адамзат тарихында теңдессіз ерлік жасаған әкелеріміз бен аналарымыздың қажымас қайсарлығы, ерен еңбегі және көзсіз қаһармандығы халқымыздың жадында мәңгі сақталады» деп атап көрсетті. «Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды» деген ұранды ұстанған елміз. Осынау ерлікке толы күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек, – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Іс-шара барысында жиналған жұртшылық соғыста қаза тапқан батыр жауынгерлердің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздікпен еске алды. Сондай-ақ, бейбіт өмір сыйлаған бозақтардың рухына Құран бағышталды.

АРДАГЕРГЕ ӘКІМ ДЕ БАС ИЕДІ...

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаев Ұлы Отан соғысының ардагері, Сырдария ауданының Құрметі азаматы, 103 жастағы Яхия Тасыровтың шаңырағына арнайы барып, Жеңістің 80 жылдығымен мерекелік құттықтауын жеткізді. Дәстүрге сай ардагердің иығына шапан жауып, сый-сияпат көрсетті.

Аудан басшысымен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов және облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов бірге барып, мерекелік лебіздерін жеткізді.

Кездесу барысында аудан басшысы ардагердің ерлігін ерекше атап өтіп, өскелең ұрпаққа үлгі екенін айтты. Ардагер өз кезегінде мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан құрметке алғысын білдірді. Сондай-ақ, құрмет төріндегі ақсақал өз естеліктерімен бөлісіп, ақ батасын берді.

ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ӘРҚАЙСЫСЫ БІР ТАРИХ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай аудан әкімі Берік Сәрменбаев тыл ардагерлерінің үйлеріне арнайы барып, мерекемен құттықтады. Аудан басшысымен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов және облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов бірге барып, мерекелік лебіздерін жеткізді.

Аудан басшысы ардагерлерге жеке барып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының арнайы жарлығымен берілген «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалі мен Алғыс хат табыс етіп, сый-құрмет көрсетті. Сондай-ақ, тыл ардагерлерінің табанды еңбектері мен ерен ерліктерін айрықша атап өтіп, олардың өнегелі өмір жолы – өскелең ұрпаққа үлгі екенін жеткізді.

Тыл еңбеккерлері аудан әкімінің ыстық ықыласына ризашылықтарын білдіріп, елге амандық пен тыныштық тілеп, ақ баталарын берді.

Сондай-ақ, аудан әкімінің орынбасарлары мен аппарат басшысы тыл ардагерлеріне мерекелік медальді үйлеріне барып табыстап, мерекемен құттықтады.

КЕЗДЕЙСОҚ ЖАҒДАЙЛАР КЕРІ ӘСЕР ЕТПЕЙДІ

Жұлдызың айтады...

ТОҚТЫ

Мүмкіндіктер жетерлік. Тек пайдаланып үлгіру керек. Қызықты адамдармен күтпеген кездесулер де бар. Көптеген Тоқтылар пайдалы байланыстар да жасап үлгереді. Айналаға жақсы әсер қалдырып, өзі туралы оң пікір қалыптастыруға қолайлы кезең. Бірлескен жұмыстар өте жемісті. Негізі мүдделес жандардың қолдауына сүйеніп, өзіне дос емес кейбір жандарды өз жағына шығаруға болады. Алайда қалжыңдағанда, немесе оқыс пікір білдіргенде абай болу керек. “Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі”.

Айдың орта шені жаңа бастамаларға өте сәтті. Батылдық өз беделін нығайтуға ықпал етеді. Көптен бері шешімін таппай тұрған мәселенің орайы келіп тұр. Алайда асықпаған жөн. Асығыс шешім қабылдамау қажет. Қаражат мәселесінде қажетсіз тәуекелдерге баруға болмайды.

Айдың соңғы жағы іс сапарларға, жолға шығуға қолайлы. Көздеген мақсатқа жетіп қана қоймай, жігер беретін оң әсер де алады.

ТОРПАҚ

Өте сәтті. Әрине қиындықтар бар, бірақ бәрін жеңуге болады. Әдеттегіге қарағанда көп күш жұмсау керек. Көтеріңкі көңіл-күйдің көмегі аз емес. Қандай да болмасын кездейсоқ жағдайлар кері әсер етпейді. Көптеген Торпақтар барлық мәселеге абай болып, сақтық танытқан жағдайда дұрыс шешім қабылдап, маңызды мәселелерді оң шеше алады. Егде туысқандар мен тәжірибелі әріптестердің кеңесіне құлақ асқанның зияны жоқ. Іс барысында бәрін тәртіпке келтіруге болады.

Айдың орта шенінде көңіл-күйге назар аудару керек. Ашуға беріліп, жақын адамдармен араздасып қалу мүмкіндігі бар. Төтесінен әңгіме айтқаннан қашық болу керек. Бірбеткейліктің, бәрі де менің айтқанымдай болады дегеннің пайдасы аз. Әріптестермен, серіктестермен келісімге келе білу керек. Басқалардың көмегі қажет емес міндеттерге назар аударған жөн.

Айдың соңғы жағы барлық жағынан қолайлы. Жіберілген қателіктерді жөндеуге, үзілген байланыстарды қалпына келтіруге мүмкіндік бар. Қызықты адамдармен керемет кездесулер де болмай қалмайды.

ЕГІЗДЕР

Өте жарқын, әрі қызықты оқиғаларға толы. Көптеген проблемаларды, оның ішінде тіпті нәтижесі болмайды деп үміт үзген проблемаларды да шешіп тастау мүмкіндігі бар. Көптеген Егіздер пайдалы байланыстар орнатады. Шетелдік серіктестермен бірлескен жобалар басталуы да мүмкін. Жолға шығуға, әсіресе алыс және ұзақ жолсапарға қолайлы уақыт. Қаржылай қолдау да бар, тіпті табыстың жаңа көзі ашылады.

Шығармашылық қабілеттері ашылып, қиын жағдайларда қажетті шешімдер қабылдай біледі. Бірлескен жұмысқа қолайлы уақыт. Ешқайда асықпаған жөн. “Асыққан – шайтанның ісі”. Қателіктерге ұрындыруы мүмкін. Сақтық пен ұстамдылық танытқан жағдайда нәтиже де жақсы. Барлығын бірдей уақытта бітіремін деп ұмтылудың қажеті жоқ. Дұрысы кезең-кезеңімен.

Айдың соңғы жағы келісім-шарттар жасауға, жұрт алдында сөз сөйлеуге өте қолайлы. Ықпалды қамқоршылар мен сенімді одақтастар да табылып қалар.

ШАЯН

Жаңаны үйренуге қолайлы кезең. Өзіне таныс емес мәселелерді тез зерттейтін және пайдалы дағдыларға үйренетін уақыт. Емтиханға дайындалып жүрген Шаяндардың жолы болады. Бұрын байқалмаған таланттар ашылады. Басқалардың шамасы келмеген міндеттерді оп-оңай орындай алады. Маңызды ақпараттар, сондай-ақ жағымды жаңалықтар болады.

Айдың орта шенінде бәрі де өзі ойлағандай бола бермейді. Бар пейілімен іске беріліп кете алмайды. Сондай-ақ болмайтын нәрселерге алаңдайды. Аздаған шығын да болуы мүмкін, алайда сақтық танытқан жағдайда шығын болмауы да мүмкін. Бұрынғы уәдені орындауға тырысу керек, әйтпесе беделіңе зиян келеді. Ірі келісім шарттар жасауға, келісімдерге қол қоюға өте қолайсыз уақыт.

Айдың соңғы жағында жағымды жаңалықтар бар. Көтеріңкі көңіл-күй, ақ пейіл, көптеген пайдалы байланыстар орнатуға, үзілген қарым-қатынастарды қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Тіпті өзі ойламаған адамдар көмекке келуі мүмкін.

АРЫСТАН

Қуаты көбейіп, көңіл-күйі көтеріңкі. Батыл идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Сондай-ақ жаңа бастамалар уақыты. Көптеген Арыстандар өз мақсаттарына жетеді. Кәсіби мүмкіндігі артып, өз қызметін, немесе ісін жетілдіре түседі. Пайдалы байланыстар жасауға сәтті кезең. Алайда асығыс шешімдер қабылдап, ойланбаған қорытындылар жасамау керек.

Бәсекелестікке ынтасы артып тұрады, бірақ бұл барлық кезде пайдалы емес. Егер де өз күш-жігерін қажетті бағытқа бұра білсе жақсы нәтижеге қол жеткізіп, әріптестері мен басшылық арасында беделі артады. Болмаған нәрсеге бола қажетсіз дау-дамайдан қашық болған дұрыс. Қиын міндеттерді кейінге қалдырмау керек. Табандылық пен бірбеткейлік кез-келген кедергіні жеңуге көмектеседі.

Айдың соңғы жағы маңызды жобаларға қолайлы емес. Басталған істі аяқтауға, қателіктерді жөндеуге тырысу керек. Әрине бәрі бірден керемет болып кетпейді, дегенмен болмашы сәтсіздіктер Арыстандарды тығырыққа тіремейді.

БИКЕШ

Қиындықтар бар. Әрине барлық кезде бірдей сәтті жоспар бола бермейді. Кейбір Бикештер айналасымен тіл табыса алмайды. Асығыс шешімдер қабылдап, күмәнді жобаларға қатысудың қажеті жоқ.

Ауыр кезеңдердің мерзімі тым қысқа. Барлығы да оңға қарай өзгереді. Іс барысын тәртіпке келтіріп, қателіктерді тауып жөндеп, босқа кеткен уақытты қуып жетуге болады. Бұрынғы міндеттемелер алға шығуы мүмкін. Бірақ бұл тығырыққа тіремейді. Ұстамдылық, сақтық және тәртіп көмегі көп. Бойда күш-қуат артып, барлық қажетті істерді табысты аяқтауға мүмкіндік бар. Үлкен әріптестер мен тәжірибелі таныстардың кеңесіне құлақ асқанда, олар пайдалы идеялар айтуы мүмкін.

Айдың соңғы жағы қарама-қайшылықтарға толы. Айналадағылардың қолдауына сеніп қалуға болмайды. Ең алдымен өзіне, өз күшіне сену керек. Жағымды жаңалықтар болып қалады. Қысқа мерзімді іс сапарлар табысты.

ТАРАЗЫ

Өз-өзіне өте сенімді. Қалай болғанда да нәтижеге қол жеткіземін деп ойлайды. Алайда сақтықты ұмытпаған жөн. Асығыс іс-әрекеттер көп ретте нәтижелі бола бермейді. Таразылардың жасырын таланттары оянып, көптеген проблемалар шешімін табуы мүмкін. Дағдарып тұрған көп іс жалғасын табады. Келісім-шарттар жасасуға қолайлы кезең. Бәрі ойдағыдай тып-тыныш бола бермейді. Бірақ Таразылардың кез-келген кедергілерді жеңуге мүмкіндігі бар.

Айдың орта шенінде мәселе жеткілікті. Әдетте бір-бірін жақсы түсініп жүрген дос адамдардың өздері де араздасып қалуы мүмкін. Ұсақ келеңсіздіктер болғанменен оған көп уайымдаудың қажеті жоқ. Өз күшіне қарап әрекет еткен жөн. Күші жетпегенге әлек болудың қажеті жоқ. Барлық ретте өз дұрыстығын дәлелдеймін деп тырысудың орнына кейін шегінген де дұрыс.

Айдың соңғы жағында бәрі ретке келеді. Барлық бастамалардың жолы болады. Көптен бері ойға алған жоспарды жүзеге асырудың реті бар. Жалғыздықты сезінбейді, сынақтан өткен достар міндетті түрде көмекке келеді.

САРЫШАЯН

Өте шиеленісті. Өз-өзін ұстау қиын, бірақ амал жоқ. Ойланбаған қадамдар, ретсіз ашу тек кедергі келтіреді. Сарышаяндардың көпшілігі ашуға бой алдырып, айналасындағылармен қарым-қатынасын құртып алуы мүмкін. Жаңа жобаларды бастауға қолайсыз уақыт. Ең дұрысы басталған істі аяқтау, тәртіпке келтіру, қателерді жөндеу.

Айдың орта шенінде айналадағылармен тіл табысу қиын. Пікірлер қақтығысы орын алады, ешкім де өз айтқанынан қайтқысы келмейді, келісімге келу қиын. Мүмкіндігіне қарай нәтижесі тек өзіне ғана байланысты іспен айналысқаны дұрыс. Ойланбаған шешімдерден, асығыс істен қашық болған жөн. Барлық қажетті міндеттерді табысты атқарып шығады, бірақ бұған жоспарлағаннан да көп уақыт пен күш кетеді.

Айдың соңғы жағында барлығын орнына келтіруге мүмкіндік бар. Бар ынта-жігермен іске кіріскен жағдайда жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Болашақтағы табыстарға жақсы іргетас қалайтын кезең.

МЕРГЕН

Өте сәтті кезең. Бұған дейін үмітсіз болып келген көп мәселе өз шешімін табады. Көптеген Мергендер батылдығы мен белсенділігінің арқасында жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Батылдық, бастамашылдық кез-келген кедергілерді жеңеді. Әріптестері мен басшылық алдында өз-өзін жақсы жағынан көрсете алады. Жаңа бастамаларға қолайлы кезең. Барлық қиыншылықтарды әріптестерінің, одақтастарының қолдауымен жеңеді.

Айдың орта шенінде Мергендер басқа адамдардың мүдделеріне, сезімдеріне ерекше түсіністікпен қарайды. Есесіне сәтті келіссөздер жүргізеді, пайдалы байланыстар орнатады, өзін сағынып жүрген жандармен қарым-қатынас жасайды. Айналадағылар Мергеннің мейірімділігіне тәнті болады. Жаңа таныстықтарға, романтикалық қарым-қатынастарға сәтті кезең, тек қиялға беріліп, оқиғаны асықтырмау керек. Кезең-кезеңімен болуы үшін уақыт бергені жөн.

Айдың соңғы жағы қолайлы, бірақ қиыншылықтар бар. Ақшамен қарым-қатынаста кездейсоқ шығынға кезікпес үшін абай болған жөн. Жақын адамдармен дауласпаған дұрыс. Өз айтқанынан қайтпағаннан гөрі жақсы қарым-қатынасты сақтап қалған қолайлы.

ТАУЕШКІ

Барлығы тамаша емес. Көптеген Тауешкілер айналасындағылармен дөрекі болып, тіл табыса алмайды. Ұсақ-түйекке соншалықты мән берудің қажеті жоқ. Ауқымды жобаларды бастауға қолайсыз кезең. Бірлескен әріптестік орнатуға да сәтті емес. Негізі маңызды келісімдерден, маңызды мәселелерді талдаудан бас тартқан жөн. Ең дұрысы өзінің әлі келетін, өзі шеше алатын мәселелерге назар аударып, шыдамдылық танытқан жөн.

Айдың орта шенінде шыдамдылық пен табандылық қажет-ақ. Барлығы да алғашқы әрекеттен дұрыс бола қоймайды. Бірақ бұл қол қусырып қарап отыр деген сөз емес. Өз-өзіне қосымша жүктеме алудың қажеті жоқ. Бұған дейін берілген уәдені орындау өте маңызды, тіпті орындағысы келмесе де. Шамалы қаржылық проблемалар болуы мүмкін.

Айдың соңғы жағында бойдағы күш артады. Көтеріңкі көңіл-күй кез-келген кедергілерді жеңуге бейім. Пайдалы таныстықтарға және беделді қамқоршылар табуға қолайлы кезең.

СУҚҰЙҒЫШ

Біркелкі сипатта емес. Осы уақытқа дейін тіл табысып келген жандарменен келісімге келудің өзі қиын. Көпшілік жиналған іс-шараларға қатысуға қолайсыз кезең. Келісімдер, жиналыстар үшін де сәтсіз уақыт. Көптеген Суқұйғыштар үшін өзі үйренген ағымдағы міндеттермен айналысқан жөн. Айналадағы жандардың көмегіне иек артуға болмайды. Әрине олар Суқұйғыштардан бас тартпайды, бірақ Суқұйғыштар оларға өздеріне не қажет екенін жеткізе алмайды.

Айдың орта шені жаңа, бұған дейін беймәлім болып келген міндеттерді зерттеуге қолайлы. Зерттеу нәтижелері есте ұзақ сақталады, әрі болашақта керек болады. Түйсік сезімі артып, түйсінген мәселелер өте пайдалы, әрі уақытылы. Басшылықпен және де басқа беделді адамдармен қарым-қатынасты жөндеуге тура келеді. Өз-өзіне деген сенімділік кез-келген қиындықты жеңуге көмектеседі. Адамдарға деген мейірім айналасындағылардың қызығушылығын оятады. Кейбір Суқұйғыштар үшін қызметтік махаббат басталуы да мүмкін.

Айдың соңғы жағында көңіл-күй құбылмалы, себептен себепсіз үрей, тынышсыздық орын алады. Содан да бір істі бастау, немесе аяқтау өте қиын. Бәрін ақылға жеңдірген дұрыс. Жақын адамдардың қолдауы өте қажет.

БАЛЫҚТАР

Көңіл-күй көтеріңкі. Ойға алған істі жүзеге асыру қиын емес. Өте қиын көрінген істің өзін орнынан қозғау өте оңай. Көптеген Балықтар басшылықтың қызығушылығын туғызып, қызметте өсуі мүмкін. Бірлескен жұмыс өте табысты, әрі жемісті.

Айдың орта шенінде өз түйсігіне сенім білдірсе, жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Бәсекеге бейім болғанменен қажетті бағытты дұрыс анықтай білген жағдайда көптеген қиын міндеттерді оңай іске асыруға болады. Өзіне қымбат адамдармен қарым-қатынаста ұқыптылық, іскерлік танытқаны абзал. Іссапарлар, алыс жолға шығу өте табысты.

Айдың соңғы жағы қарама-қайшылықты. Мүмкіндіктер болғанменен оны уақытылы пайдалана білу керек. Отбасылық қарым-қатынас та көңіл бөлуді қажет етеді.